

БОЛАТБЕКОВА ЗАМИРА ТУРАРОВНА

**Болашағы бар аквакультура объектілерін тиімді өсіру мақсатымен тірі
коректерді культивирлеу технологиясы**

6D080200 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми
кеңесшілер

«БШҒӨО» ЖШС
Бас директорының
орынбасары, б.ғ.д. профессор,
ҚР АШХРК академигі
Асылбекова С.Ж.

«Зооинженерия»
кафедрасының профессоры,
а.ш.ғ.к. Кулатаев Б.Т.

Шетелдік кеңесші

Оңтүстік Чехия
Университетінің PhD докторы,
қауым.проф., «Қарқынды
аквакультура» зертханасының
менгерушісі, Аквакультура және
су ресурстарын қорғау
институтының директоры
Tomáš Polícar
(Чехия Республикасы,
Ческе Буйдеевице қ.)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР | 3 |
| АНЫҚТАМАЛАР | 4 |
| БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР | 6 |
| КІРІСПЕ | 7 |
| 1 ЗЕРТТЕУ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАУ | 13 |
| 1.1 Культивирлеп жатқан тірі қоректердің биологиясы мен таралуы | 13 |
| 1.2 Тилапияның (<i>Oreochromis niloticus</i>) биологиясы мен балықтық көрсеткіштері және оның аквакультурадағы рөлі..... | 14 |
| 1.3 Кларий жайынының (<i>Clarias gariepinus</i>) биологиясы мен балықтық көрсеткіштері және оның аквакультурадағы рөлі..... | 16 |
| 1.4 «Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы-1973» ЖШС балық шаруашылығы | 18 |
| 1.5 Бассейндік өсіру технологиясы | 18 |
| 2 МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ | 20 |
| 2.1 Зерттеу материалдары..... | 20 |
| 2.2 Материалдарды өңдеу әдістері..... | 27 |
| 3 НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ | 30 |
| 3.1 Тірі қоректерді культиваторларда культивирлеу технологиясы..... | 30 |
| 3.1.1 Дендробена (<i>Dendrobena Veneta</i>) және старатель (<i>Eisenia foetida</i>) жауын құрттарын балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу..... | 30 |
| 3.1.2 Сірке угрицасын (<i>Turbatrix aceti</i>) балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу..... | 32 |
| 3.1.3 Ақ энхитрейді (<i>Enchytraeus albidus</i>) балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу..... | 33 |
| 3.2 Тірі қоректерді бассейндерде культивирлеу технологиясы..... | 34 |
| 3.2.1 Креветкаларды (<i>Palaemon modestus</i>) және мизидаларды (<i>Mysida</i>) балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу..... | 34 |
| 3.2.2 Дафнияларды (<i>Daphnia</i>) және моиналарды (<i>Moina</i>) балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу..... | 40 |
| 3.2.3 Тірі қорекпен қоректендіру кезіндегі кларий жайынының (<i>Clarias gariepinus</i>) балықтық-биологиялық көрсеткіштері | 44 |
| 3.2.4 Тірі қорекпен қоректендіру кезіндегі тилапияның (<i>Oreochromis niloticus</i>) балықтық-биологиялық көрсеткіштері | 48 |
| 4 Тірі қоректерді культивирлеудің технологиясының экономикалық тиімділігі..... | 51 |
| 4.1 Тірі қоректерді балықтарды қоректендіруде пайдаланудың экономикалық тиімділігін бағалау | 51 |
| 4.2 Тірі қоректерді культивирлеудің экономикалық тиімділігін бағалау | 54 |
| ҚОРЫТЫНДЫ | 59 |
| ӨНДІРІСКЕ ҰСЫНЫСТАР | 60 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ | 61 |
| ҚОСЫМША А Патенттер, сертификаттар | 70 |

| | |
|---------------------------------------|-----|
| ҚОСЫМША Б Фотоматериалдар..... | 80 |
| ҚОСЫМША В Мақалалар..... | 88 |
| ҚОСЫМША Г Енгізу актілері..... | 103 |

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1) Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі №423 қаулысы.

2) Қазақстан" Стратегиясы-2050": 2012 жылғы 14 желтоқсандағы жаңа саяси бағыт

3) ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті 2019-2020 жж.

4) Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама, ҚР Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығы.

5) Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі №208 қаулысы

6) ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың "жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2020 жылғы 1 қыркүйек

7) ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы "әділетті мемлекет. Бір ұлт. Берекелі қоғам", 2022 жылғы 1 қыркүйек.

8) 2017 жылғы 26 тамызда ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Ұлттық экспорттық стратегия

9) ҚР Экологиялық кодексі 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ.

10) Негізгі объектілерді жасанды өсімін молайту, тауарлы өсіру және тасымалдау жөніндегі балық өсіру нормативтерін бекіту туралы әр түрлі технологияларды қолдана отырып аквакультуратер. ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №127 бұйрығы.

11) ПҚазНАУ ПОДССД-251. Доктор дәрежесін алу үшін диссертацияны рәсімдеу ережелері философия (PhD), бейіні бойынша доктор.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады.

Абсолютті өсім — килограммен көрсетілген белгілі бір уақыт аралығында тірі салмақтың өсуі.

Аквакультура — балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қолдан өсіру.

Ақ энхитрей — Enchytraeidae тұқымдасына жататын олигохеттер туысы.

Балық өсіру — кәсіпкерлік қызмет мақсатында балықты жасанды жолмен көбейту және өсіру жөніндегі аквакультура бағыты.

Балық шаруашылығы – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғауға, өсімін молайтуға, аквакультураке, балық өсіруге, балық аулауға, сондай-ақ қайта өңдеуге және өткізуге байланысты шаруашылық қызмет түрі.

Балық ресурстары – су ортасында тіршілік ететін барлық балықтардың жалпы жиынтығы.

Биомасса — бір түрдің, түрлер тобының немесе бүтіндей бірлестіктердің тіршілік ететін мекенінің бірлік бетіне не көлеміне келетін жалпы құрғақ массасы; аудан немесе көлем ($\text{г}/\text{м}^2$ немесе $\text{г}/\text{м}^3$) бірлігіне салмағы бойынша өрнектелген тірі ағзалар мөлшері.

Дафния — бұтақмұртты шаянтәрізділер туысына жататын тұщы су айдындарында тіршілік ететін организмдер.

Дернәсіл — балықтардың ұрық қабығынан шыққаннан кейінгі жеке даму сатысы.

Дендробена — Crassiclitellata отрядының олигохеттер отряд астына жататын құрттар түрі.

Дисконтталған өтелімділік кезеңі (DPP) - дисконтталған таза ақша ағынынан есептелген кезең.

Индустриялық шаруашылықтар (шарттар) – жоғары қарқындылығымен және өнімділігімен сипатталатын шағын балық өсіру ыдыстарында (бассейндерде, торларда, тұйық сумен жабдықтау қондырғыларында) балық өсіру және өсіру.

Инкубациялық цех – балық өсіру жұмыстарын жүргізу үшін балық өсіру жабдықтарымен (бассейндер, балық өсіру аппараттары және т.б.) жабдықталған өндірістік ғимарат.

Культивирлеу – қоректік ортада организмдерді өсіру.

Культиватор - қоректік ортада организмдерді өсіруге арналған қондырғы немесе қорап.

Креветка — Шығыс Азиядағы тұщы су асшаяндарының бір түрі.

Кларий жайыны — барлық Африкада, Сахара су қоймаларын қоса алғанда, Иордан өзенінің бассейнінде, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияда кездесетін балық түрі.

Қорек коэффициенті – балықтың 1 кг өсуіне жұмсалған табиғи немесе жасанды жем мөлшері.

Мизиды — Peracarida отряд үстіне жататын шаяндар туысы.

Моина — Cladocera отряд үстіне жататын шаяндар туысы.

Өміршеңдігі – байқалған балықтардың жалпы санынан пайызбен немесе данамен көрсетілген тірі қалған даралар саны.

Пайда – кіріс шығындардан асатын сома.

Салыстырмалы пайда – пайызбен көрсетілген Бастапқы салмағыға қарсы өсу қарқынының шамасы.

Сатудан түскен түсім – сатып алушы жөнелткен өнім үшін кәсіпорын алатын (алынуы тиіс) ақша қаражаты.

Старатель — Lumbricidae тұқымдасына жататын жауын құрттарының бір түрі.

Сірке угрицасы — Panagrolaimidae тұқымдасына жататын жұмыр құрттардың бір түрі.

Табыстылық индексі (PI) – жобаның жұмсалған 1 бірлікке қанша кіріс бірлігін құрайтынын көрсетеді. Осылайша, 1 Шығын бірлігі үшін жоба бастамашысы 39,35 пайда бірлігін алады

Тилапия — цихлидтер тұқымдасының балығы (Cichlidae).

Шарбақ – балық өсіруге арналған арнайы құрылғы.

Ішкі кірістілік коэффициенті (IRR) – жобаның NPV мәні 0 болатын дисконттау мөлшерлемесі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы диссертацияда келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

АҚЫ – абсолютті құрғақ ылғалдылық

ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы

УШӨШ – уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы

ТЖСҚ – тұйық жүйелі сумен қамтамасыз етілген қондырғы

ШРК – шекті рұқсат етілген концентрация

АЭЗ – азотсыз экстрактивті заттар

P – статистикалық гипотезаларды тексеруде қолданылатын шама

n – балық саны

% – пайыз

л – литр

м² – шаршы метр

г – грамм

мг – миллиграмм

мг/л – литріне миллиграмм

мм – миллиметр

кг – килограмм

кг/м³ – текше метрге килограмм

см – сантиметр

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Балық саласын дамыту Қазақстандағы ауыл шаруашылығының басым бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің балық саласын дамытуға ерекше назар аудару қажеттігі туралы атап өтілген [1].

Осыған байланысты балық шаруашылығын дамыту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі саланың өзекті мәселелерін шешуге, ынталандырудың экономикалық шараларын енгізуге, әкімшілік кедергілерді жоюға және заңнаманы жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар қабылдауда.

Бүгінгі таңда, балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес отандық балық және балық өнімдерін өндіру көлемін 6,9 мың тоннадан 270 мың тоннаға дейін ұлғайту әлеуеті бар, бұл көрші елдерге және әлемдік нарықтарға экспорт көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Бағдарманың нысаналы индикаторларының бірі балық өнімдерін ішкі тұтынуды 2030 жылға дейін жылына 67-ден 134 мың тоннаға дейін ұлғайту [2].

Тұтастай алғанда, сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстан аквакультура саласының әлеуеті 270 мың тоннаға дейінгі тауарлық өнімді құрайды және ол жан басына шаққандағы тұтыну деңгейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған көлемге дейін көтеруге мүмкіндік береді, сондай-ақ қосылған құны жоғары терең өңделген өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде саланың салық салынатын базасын және әлеуетті инвесторлар үшін тартымдылығын көтеруге мүмкіндік береді.

Балық пен басқа да су жануарларын өсіру азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесімен қатар, табиғи су айдындарын оларды шамадан тыс пайдалану нәтижесінде түсетін антропогендік жүктемеден арылту мәселелерінде де барынша сұранысқа ие болып табылады. Бұл ретте, соңғы 5 жылда (2018 – 2022 жылдар) шектеу 272,3 мың тонна болғанымен, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулау 227 мың тоннаны құрады. Дәл осы аралықта республикамыздың балық өсіру шаруашылықтарында тек 55,7 мың тонна тауарлық балық өсірілді.

Қазақстан Республикасы экономиканың аквакультура секторын және агроөнеркәсіптік кешеннің осы бағытын дамытудың зор әлеуетіне ие. Аквакультураның дамуы агроөнеркәсіптік кешенмен айналысатын шағын және орта бизнестің дамуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз, қосымша жұмыс орындарын, негізінен ауылдық жерлерде ашуға мүмкіндік береді және тұтастай алғанда кешенді әсерді тудырады, бұл бірқатар аймақтық проблемалар мәселелерін шешуге көмектеседі [3,4].

Отандық аквакультураның осындай қарқынды дамуымен болашақта балық қорегіне деген қажеттілік бірнеше есе артады. Қазіргі уақытта көптеген технологиялық схемалар бағалы балық түрлерінің шабақтарын өсірудің барысында тірі қоректі өсіруді қамтиды [5,6,7]. Қоректік организмдерінде балықтың дамуының қалыпты өсуі мен дамуы үшін қажетті барлық қоректік заттар бар [8,9], олардың жасанды жемге қосылуы балық шабақтарының өміршеңдігінің жоғарылауына және

балықтың тауарлық сапасының жақсаруына ықпал етеді [10]. Балық шаруашылығында жиі қолданылатын тірі қоректер, ол: дендробена жауын құрты [11], старатель жауын құрты [12], сірке угрицасы [13], ақ энхитрей [14], креветка [15], мизида [15], дафния [16,17] және моина [16,17] болып табылады.

Қазіргі уақытта шет мемлекеттерде, мысалы, Германия, Чехия, Дания, Үндістан және т.б., балық өсіруде тірі қоректерді культивирлеудің әртүрлі технологиялары дамыған, олар негізінен қарапайымдылар, құрттардың кейбір түрлері, шаян тәрізділер. Тірі қоректерді культивирлеу технологиясын жетілдіру тауарлық балық шаруашылығын дамытуға оң әсер етеді, өсірілетін балық түрлерінің ассортиментін кеңейтеді, балық өсіруші-фермерлер үшін тірі қоректің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, бұл Қазақстан Республикасының балық шаруашылығында балық өнімін өндірудің өзіндік құнын төмендетуге және тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Аквакультура объектілерін (кларий жайыны мен тилапияны) тиімді өсіру мақсатымен тірі қоректерді культивирлеу технологиясын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- культиваторларда культивирленген тірі қорек түрлерінің тиімді өсіру ортасын және технологиялық режимдерін анықтау;
- бассейндерде культивирленген тірі қорек түрлерінің тиімді өсіру ортасын және технологиялық режимдерін анықтау;
- тірі қоректерді қолданып өсірілген кларий жайынының балықтық-биологиялық көрсеткіштерді бағалау;
- тірі қоректерді қолданып өсірілген тилапияның балықтық-биологиялық көрсеткіштерді бағалау;
- тірі қоректерді қолданып аквакультура объектілерін - кларий жайыны мен тилапияны өсірудің экономикалық тиімділігін анықтау;

Зерттеу әдістері.

Ғылыми зерттеулер диссертациялық жұмыстың зерттеу сызбасына сәйкес жүргізілді. Тірі қоректер культиваторларда (дендробена, старатель, сірке угрица, ақ энхитрей) және бассейндерде (креветка, мизида, дафния, моина) Ивлева И.В. әдістері бойынша монокультурада өсірілді. Тірі қоректерді зерттеу кезінде Биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияның талаптары қолданылады. Судың физика-химиялық талдаулары (судың температурасы, рН, оттегі) Алекин О.А. әдісі бойынша жасалды. Кларий жайыны мен тилапияның негізгі балықтық-биологиялық көрсеткіштері (бастапқы және соңғы салмағы, абсолютті және орташа тәуліктік өсімі, өміршеңдігі, тәуліктік қоректену рационасы) Правдин И.Ф. әдісі бойынша жасалды. Статистикалық өңдеу Лакин Г.Ф. әдісімен, Microsoft Excel бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері математикалық және биометриялық өңдеуден өткізілді. Органикалық өндіріс талаптарына жауап беретін аквакультура өнімдерін алу үшін Еуропалық қоғамдастықтың органикалық өндіріс стандарттарының «ХІІІа қосымшасы» мазмұнына сәйкес су организмдерін өсіру ережелері сақталады [18].

Экономикалық тиімділікті есептеу үшін отандық және шетелдік нормативтік-технологиялық әдебиеттері қолданылады. Сонымен қатар тірі қорек культивирлеудің

экономикалық тиімділігі келесі шет елдік авторлар Адамс Б., Басовский Л.Е., Басовская Е.Н., Ефимова О.В. және John Wiley әдістері бойынша есептелінді.

Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар).

- культиваторларда культивирленген тірі қорек түрлерінің тиімді өсіру ортасы және технологиялық режимдері анықталды;

- бассейндерде культивирленген тірі қорек түрлерінің тиімді өсіру ортасы және технологиялық режимдері анықталды;

- тірі қоректерді қолданып өсірілген кларий жайынының балықтық-биологиялық көрсеткіштері бағаланды;

- тірі қоректерді қолданып өсірілген тилапияның балықтық-биологиялық көрсеткіштері бағаланды;

- тірі қоректерді қолданып аквакультура объектілерін - кларий жайыны мен тилапияны өсірудің экономикалық тиімділігі анықталды;

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипатамасы.

Зерттеулер «Қапшағай БӨУШ-1973» ЖШС балық өсіру шаруашылығында (Алматы облысы), «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС сертификатталған және аккредиттелген (СТ РК ISO 9001-2019, СТ РК ISO 14001– 2016, СТ РК ISO 45001–2019, Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінің ГОСТ ИСО/МЭК 17025-2019 талптарына сәйкес) зертханаларында (Алматы қ.) жүргізілді.

Диссертацияның негізгі ережелері жыл сайын «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС ғылыми кеңесінің отырыстарында тыңдалды.

Зерттеу нәтижелері «Балық шаруашылығы кешенін дамытудың заманауи мәселелері мен перспективалары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 2019 жылдың 14-15 қарашасы), «БШҒӨО» ЖШС 90 жылдығына арналған «Қазақстанның және шектес елдердің су биологиялық ресурстары мен аквамәдениетінің жай-күйі» атты Халықаралық конференциясында баяндалып, талқыланды (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 2019 жылдың қыркүйегі).

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңызылығының негіздемесі.

Аквакультура объектілерін тиімді өсіру мақсатымен тірі қоректерді культивирлеу технологиялары алғашқы рет кешенді түрде зерттелді. Тірі қоректердің әртүрлі түрлерін жетілдіру, өсірудің тиімді әдістері анықталды.

Культиваторларда культивирленген тірі қорек түрлерінің тиімді өсіру ортасы және технологиялық режимдері, бассейндерде культивирленген тірі қорек түрлерінің тиімді өсіру ортасы және технологиялық режимдері анықталып, тірі қоректерді қолданып өсірілген кларий жайынының және тилапияның балықтық-биологиялық көрсеткіштері бағаланды. Сонымен қатар, тірі қоректерді қолданып аквакультура объектілерін - кларий жайыны мен тилапияны өсірудің экономикалық тиімділігі анықталды.

Жұмыс нәтижелері балық өсіруші-фермерлерге тірі қоректерді культивирлеу және тауарлық балық шаруашылығын дамыту мақсатымен ұсынылады.

Ғылымның даму бағыттары немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Бұл жұмыс мемлекеттік тапсырыс бойынша, кешенді ғылыми-техникалық бағдарламасы шеңберінде (шифры О.0883, тіркеу №0118РК01245), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырысымен «Қазақстанның аймақтық жағдайларын ескере отырып аквакультураны тиімді дамыту үшін балық өсірудегі келешегі бар объектілерді өсіруге арналған озық технологияларды бейімдеу және қолданыстағы технологияларды жетілдіру» (2018-2020жж.) атты бағдарламасының «Бәсекеге қабілетті отандық бастама жемдердің рецептурлары мен өндіру технологияларын әзірлеу, құнды балық түрлеріне арналған тірі коректерді культивирлеу технологияларын жетілдіру және жасалған әзірлемелерді дайындау» тақырыбында орындалды.

Зерттеулер Қазақстан Республикасының заңнамасына сай келеді: «ҚР су кодексі, (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР экология кодексі» (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), 2004 ж 9 шілдедегі №593-ІІ ҚР «Жануарлар әлемін қорғау, ұдайы өндіру және пайдалану» Заңнамасы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), 08.02.2011 ж., №404-ІV «Қазақстан Республикасының ғылым жайлы Заңнамасы» 30.05.2013 ж. №577 «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу Концепциясы», осы ғылыми бағдарламаны орындауға қатысты сұрақтар халықаралық келісімдер мен нормативтік құқықтық актілерге сай жасалды.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы.

Докторант диссертациялық жұмысты ғылыми кеңесшілердің басшылығымен жеке орындады. Эксперименттік бөлімнің барлық көлемін толығымен орындады, деректерді талдады, зерттеу қорытындыларын жасады және практикалық ұсыныстар берді. Жұмыс аясында патенттік зерттеулер жүргізіліп, екі патент алынды:

1 «Сіркелі угрицаны (*Turbatrix aceti*) балық шабақтарына арналған құрама жем ретінде культивирлеу тәсілі», №4073 пайдалы модельге патент, автор куәлігінің №107570.

2 «Ақ энхитрейді (*Enchytraeus albidus*) балық шабақтарына арналған құрама жем ретінде культивирлеу тәсілі» №5065 пайдалы модельге патент, автор куәлігінің №17570.

Диссертациялық жұмыс аясында 12 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 6-ы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала халықаралық Scopus деректер базасына енгізілген басылымда, 2 мақала Халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланды және 2 қорғау құжаты (пайдалы модельдерге 2 патент) алынды.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы жарияланымдар:

1 Болатбекова З.Т. Результаты культивирования белого энхитрея (*Enchytraeus albidus*) для нужд аквакультуры//Рыбоводство и рыбное хозяйство. – 2019. – №8 (163). – С.62-68.

2 Болатбекова З.Т., Опыт культивирования и использования белого энхитрея (*Enchytraeus albidus*) в качестве стартового корма. Научно-практический журнал ЗКАТУ им.Жангир хана «Ғылым және білім». – 2020. – №1-2(58). – II том. – С.92-99.

3 Болатбекова З.Т., Асылбекова С.Ж., Кулатаев Б.Т., Койшыбаева С.К., Булавина Н.Б. Результаты сравнительного изучения использования кормовых червей двух пород для бассейнового выращивания молоди тилапии и клариевого сома в условиях Алматинской области. Рыбоводство и рыбное хозяйство. – 2020. – №6 (173). – С.73-80.

4 Болатбекова З.Т., Асылбекова С.Ж., Кулатаев Б.Т., Булавин Е.Ф. Опыт культивирования ветвистоусых ракообразных в бассейнах на базе рыбоводного хозяйства юга Казахстана. Научно-практический журнал ЗКАТУ им.Жангир хана «Ғылым және білім». – 2020. – №3-2(60). – II том. – С.106-111.

5 Болатбекова З.Т., Асылбекова С.Ж., Кулатаев Б.Т., Булавин Е.Ф. Результаты выращивания молоди тилапии и клариевого сома в мини-узв с применением живых кормов. Научный журнал «Ізденістер, нәтижелер- Исследования, результаты». – 2023. – №1(97). – С.5-11.

6 Болатбекова З.Т. Тилапия мен кларии жайынының шабақтарын өсіру мақсатында тірі қоректің оңтайлы түрін анықтау нәтижелері. «Ізденістер, нәтижелер- Исследования, результаты» ғылыми журналы. – 2023. – №1(97). – С.11-20 б.

Scopus базасында индекстелген журналдардағы жарияланымдар:

7 Aubakirova M., Mazhibayeva Zh., Assylbekova S. Zh., Isbekov K.B., Barbol B., Bolatbekova Z., Jussupbekova N., Moldrakhman A., Satybaldiyeva G. The Current State of Zooplankton Diversity in the Middle Caspian Sea during Spring Diversity. 15/798.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, зерттеу материалдары мен әдістерінен, зерттеу нәтижелерінен, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Жалпы диссертациялық жұмыс 110 беттен, 39 кестеден, 16 суреттен, 122 әдебиеттер тізімінен және 4 қосымшадан тұрады.

1 ЗЕРТТЕУ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАУ

1.1 Культивирлеп жатқан тірі қоректердің биологиясы мен таралуы

Көптеген тірі организмдердің ішінде жауын құрттары ерекше назар аударуға тұрарлық [19,20,21]. Жауын құрттарының 150 жуық түрі бар. Ең ұзындары 2 м асады. Жауын құрттарын өсіру идеясы американдық дәрігер Томас Барреттке тиесілі. Ол өзінің фермасында органикалық қалдықтардың барлық түрлерін жою мақсатымен жауын құрттарын өсірді [22]. Әлемнің бірқатар елдерінде (АҚШ, Канада, Жапония, Филиппин, Қытай) жауын құрттарын культивирлеу әдістерін зерттеп, сонымен қатар оларды өнеркәсіптік кәсіпорындарда қолдануды қолға алды [23-27]. Сонымен қатар, жауын құрттарын культивирлеу Германия, Финляндия, Швеция және тіпті Сауд Арабиясында дамыды, олар алдымен Еуропадан қарашірік сатып алып, содан кейін оның өндірісін құрды [28-35].

Ресейде жартылай өнеркәсіптік масштабта жауын құрттарды культивирлеу XX ғасырдың 80-ші жылдары ортасынан басталды. 1984 жылы Владимир қаласындағы педагогикалық институтында А.М. Игониннің жетекшілігімен жауын құрттарын өнеркәсіптік өсірудің белгілі бір технологиясын жасауға мүмкіндік беретін жұмыстар басталды [36,37,38].

Сірке угрицасы Panagrolaimidae тұқымдасына жататын дөңгелек құрттардың бір түрі. Барлық дөңгелек құрттар сияқты, сірке угрицасы цилиндр тәрізді тар денесі бар. Алдыңғы ұшы дөңгелектеніп, артқы жағы біртіндеп жіңішкереді. Терісін жабатын кутикула тегіс. Ауыз қуысы шамалы. Аналықтарының өңеш ұзындығы бүкіл дене ұзындығының 1/9 бөлігіне, ал аталықтарының 1/7 бөлігіне тең. Аналықтарының жыныстық саңылауы дененің ортасында орналасқан. Spicula (копуляцияда рөл атқаратын аталық қылшықтар) ұзын, жіңішке және қисық. Аналықтарының ұзындығы 2 мм, еркектері шамамен 1 мм. Сірке угрицасылар кейде ашыған сірке суы мен крахмалды ортада көп мөлшерде пайда болады, бірақ, түр бойынша, көрсетілген сұйықтықтарда дамитын саңырауқұлақтармен қоректенеді [39,40].

Энхитреидтер - ұсақ қылшықты құрттар Oligochaeta тұқымдасының бірі. Ақ энхитрея немесе құмыралы ақ құрт деп те аталады, өйткені ол көбінесе үй өсімдіктерінің құмыраларда кездеседі [41]. Ақ энхитрея табиғи жағдайда су қоймаларының жағасындағы топырақта, кездеседі [42]. Ол өте кең таралған, бірақ көбінесе өңделген топырақтарда кездеседі [43]. Бірқатар шетелдік зерттеушілер [44-48] осы құрттың биологиясын зерттеп, оны өсіру биотехнологиясын жетілдірді. Ақ энхитреяның жыныстық жетілуі ерте басталады, шамамен 18-20°C. Жаңа туылған энхитреялар коконды оның жабық шеттеріндегі саңылаулардан өтіп, 12-ші күні қалдырады. Бұл қасиет түрдің жоғары өсу қарқынымен қамтамасыз етеді. Ақ энхитрея және оның жұмыртқалары жоғары өміршеңдігімен сипатталады [49].

2016 жылы АҚШ ғалымдары Вашингтондағы төменгі Снейк өзеніндегі жергілікті емес креветкалардың (*Palaemon Modetus*) көптігін, таралуын және экологиясын бағалады. Талдау креветкалардың саны популяциялардың экспоненциалды қарқынмен өсіп келе жатқанын көрсетті. 2015 жылы Литл-Гуз бөгетінде 464 000-нан астам креветка ауланған [50,51].

Мизида – *Paramysis* тұқымдасы, қазіргі уақытта танылған 21 түрден тұрады. Түр Каспий және Қара теңіздер бассейндерінде, Жерорта теңізінің жағалау суларында, сондай-ақ субтропиктік және төменгі бореалды Шығыс Атлантикада таралған. Понто-Каспий аймағының тұщы және тұщы суларында негізгі әртүрлілігімен сипатталады [52].

Дафниялар дүниежүзінің көптеген тұщы суы бар су қоймаларында тараған. Дафниялардың 50-ден астам түрі белгілі. Өзінің биологиялық ерекшеліктері үшін жаппай культивирлеуге өте қолайлы объект болып саналады. Сонымен қатар, дафниялар Каспий теңізінің қоректік ортасының маңызды бөлігі [53].

Моиналар дафниялар сияқты *Daphniidae* тұқымдасынан, тек *Moina* туысынан. Осыған байланысты моина мен дафнияның кейбір биологиялық көрсеткіштері ұқсас болып келеді, сонымен қатар, екеуінің ұқсас емес белгілері де бар. Моинаның дафниядан айырмашылығы, олардың денесі жоғарғы байланған сияқты. Аналықтарының пішіні сфера тәріздес, әсіресе максималды өнімділік кезеңінде. Моинаның антенналары дафниялардікіне қарағанда қозғалмалы. Аналықтарының ұзындығы 1,2-1,7 мм, аталықтары 0,8-1,0 мм. Сыртқы қабығы жұқа. Кіші өлшемдеріне байланысты, балық шабақтарына дафниямен салыстырғанда моинаны жеу ыңғайлы. Жаңа туылған моиналардың ұзындығы небары 0,45-0,6 мм болады. Жыныстық жетілу өмірдің 3-4-ші күнінде болады. Ұрықтану 50 жұмыртқаға жетеді, көбінесе 30-ға дейін. Моиннің өмір сүру ұзақтығы 20-25 күн. Өнеркәсіптік шаруашылықтар негізінде балықтарға тірі қорек ретінде моиналарды өндірудің жаңа технологиясын алғаш рет В.Е. Кокова ұсынды [54-57]. Ол моиналарды өз дизайнындағы реакторларда өсіруді ұсынды. Бұл конустық түбі бар цилиндрлік ыдыс. Контейнердің ішіне торлы стақан салынған, онда моиналар отырғызылады. Қондырғы эрлифттермен жабдықталған. Моиналарға ашытқы мен хлорелла берілді. Тәулігіне культиватордың 1 литр көлемінен 1,1 грамм өнім алынды. Осы технологияны қолданып дафнияны өсіру кезінде тәуліктік алынатын биомасса 0,5 г /л құрады. Үндістанда моинаны органикалық және бейорганикалық тыңайтқыштарды әр түрлі комбинацияларда және көлемде пайдаланып культивирлеу жүргізілген [58,59,60].

1.2 Тилапияның (*Oreochromis niloticus*) биологиясы мен балықтық көрсеткіштері және оның аквакультурадағы рөлі

Ніл тілапиясы (*Oreochromis niloticus*) – цихлидтер тұқымдасының балығы (лат.*Cichlidae*). ФАО мәліметтері бойынша. аквакультура өнімінің өсу қарқыны бойынша Тилапия бірінші орында [61].

Ніл тілапиясының туған аймағы солтүстік-шығыс, орталық және батыс Африка мен Таяу Шығыстың тропиктік және субтропиктік аймақтарын қамтиды. Ніл және Нигар өзендерінің бассейндерінде, Танганьика, Баринго, Кратер, Киву, Рудольф, Тана көлдерінде кеңінен таралған және Яркон өзенінде (Израиль) кездеседі. Дүние жүзіндегі көптеген елдердің, соның ішінде Оңтүстік Африка, Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Америкасы және АҚШ сияқты елдер мен аймақтардың су айдындарына енгізілген [62-66].

Тилапия тез өсу қарқыны, тамаша дәм, өмір сүру жағдайларының күрт өзгеруіне жоғары бейімделу (судағы оттегінің 25°C температурада 1 мг/л-ге дейін қысқа мерзімді төмендеуіне, температура диапазонына төзімді) сияқты құнды экономикалық қасиеттерімен ерекшеленеді. 13-тен 45°C-қа дейін, тұз концентрациясы 15– 21‰), тез көбеюімен (уылдырық шашу саны жылына 16 рет жетеді), жоғары өміршеңдігімен сипатталады [67,68].

Ніл тилапиясы өсімдік және жануар текті қоректерді тұтынады және олардың ақуызға қажеттілігі басқа балықтарға қарағанда аз [69].

Тилапия тез жыныстық жетілуімен сипатталады (5-6 айға дейін олар пісіп жетіледі, ал жылы суларда 2% өседі айлар көбейе алады) және ұрпақ беру қабілеті 1, 5-2 ай аралықпен. бұл әсіресе тауарлы өсіру үшін өте маңызды, өйткені аквакультураның дамуы тікелей байланысты өнім көлемін ұлғайту. Бақыланатын жағдайларда (ТЖСҚ, бассейндер, геотермалдық көздердегі фермалар, салқындатқыш резервуардағы торлы фермалар) олар жыл бойы тауарлық тилапия өнімдерін алады. Салмағы 200-400 г. Тилапия тауарлық балық түрі болып саналады. [70-73].

Тилапия ерте пісетін түр екеніне қарамастан, олар әлі де бақыланбайтын, үздіксіз уылдырық шашуы мүмкін. Ғалымдар тилапияны өсіру кезінде балықтардың жынысын реттеу әдістерді пайдаланып басып көпшілігі аталықтан тұратын үйір алуға болатынын дәлелдеді [74,75]. Басқа балық түрлерінен айырмашылығы, аталық тилапия аналықтарға қарағанда әлдеқайда жылдам өседі, үлкен салмаққа жетеді, жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді, сонымен қатар тек аталықтарды өсіргенде, бақылаусыз көбеюді тоқтатады. Тилапияның аталық ұрпақ түрлері будандастыру арқылы алынады. Гетерозистің жоғары әсері бір түрдің алыстағы популяцияларын будандастырғанда байқалады [76,77].

Тилапиянв 130-140 күн шарбақта өсіргенде оның салмағы 300 граммға дейін, ал ТЖСҚ–да өскен кезде орташа салмағы 450 грамм құрауы мүмкін. Сонымен қатар, тилапияны сазанмен поликультурада өсіру кезінде 20% дейін қосымша өнім алуға болады. Су қоймаларында тилапия өсіру кезінде балық өнімділігі 100-500 кг/га құрайды. Шарбақтарда өсірілген тилапия өте жоғары коммерциялық өнім бере алады. Сонымен, Алабама штатында (АҚШ) 5 айда 138 кг/м³ алды *T.aurea*, Куба Республикасында – 600 кг/м³, ондағы балықтың орташа массасы 180-200 грамм құраған. Бұл қосымша қоректендірусіз алынған жоғары өнімділік өсірудің негізгі объектісі ретінде тилапияны кеңінен қабылдауға ықпал етеді [78].

Қазақстанда тилапия негізінен Қарағанды және Алматы облыстарында өсіріледі. 2021-2030 жылдарға арналған балық шаруашылығын дамыту Бағдарламасына сәйкес, тилапия өсіру көлемін жылына 1,5 тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда[3].

Тилапия мен кларий жайынының шабақтарын қоректендіру ерекшеліктерін зерттеу салыстырмалы түрде жақында басталды – осы құнды заттарды қарқынды өсірудің алғашқы әрекеттері. Тилапия өсімдіктер мен жануарлардан алынатын тағамдарды жақсы жейді. Тилапияның ақуызға қажеттілігі сазан, жыланбалық және форельге қарағанда біршама аз. Азия мен Африкада күріш кебегі, ұнтақталған күріш, су және құрлық өсімдіктері, тамақ қалдықтары, балық ұны жем ретінде қолданылады. Тилапияны монокультурада өсіру кезінде астық қалдықтары мен

ұнды, сондай-ақ тұқы өсіруде қолданылатын жемді пайдалануға болады. Тилапия шабақтары белсенді қоректенуге көшкеннен кейін бірден жасанды жемді тұтынуы мүмкін, бұл балықтарды шарбақтар мен бассейндерде өсіруді жеңілдетеді. Тилапия шабақтары үшін құрамында 35-45% ақуыз және 10-11% май бар құрама жемді қолданған дұрыс деп саналады. Тилапия шабақтары құрамында 26-30% ақуыз және 7-10% май бар құрама жемдермен жақсы өседі. Тәуліктік рацион (дене салмағының %-ы) тилапияда және судың температурасы 27-29°C балықтың массасына байланысты [79,80].

Жасанды жемдердің үлкен санына қарамастан осы мақсатта тірі азықтарды пайдалану Қазақстанның аквакультурасын дамыту үшін өте өзекті. Бұл бірінші кезекте отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін тірі қоректің қолжетімділігімен, оларды фермерлік шаруашылықтардың өндірістік жағдайларында өсіру мүмкіндігімен түсіндіріледі. Ол үшін еліміздің балық өсіру шаруашылықтарында тірі азықтарды өсірудің оңтайлы жағдайларын әзірлеу қажет [81].

1.3. Кларий жайынының (*Clarias gariepinus*) биологиясы мен балықтық көрсеткіштері және оның аквакультурадағы рөлі

Кларий жайыны (*Clarias gariepinus*) – клариевтер тұқымдасының балығы (лат. *Clariidae*), бассейнді өсіру жағдайларына оңай бейімделеді, оттегі тапшылығына төзімділігі жоғары және өсіру мүмкіндігі бар жоғары тығыздықта. Тұқымдастарға 15 туыс кіреді, барлығының сырт келбеті түрлі түсті [82].

Ғалымдар кларий жайынының биологиялық сипаттамалары бойынша оны жылы су аквакультурасы үшін болашағы жоғары объект екенін атап өтті. Желбезектерінің үстінде қосымша тыныс алу мүшесінің болуы кларий жайынының судағы оттегінің төмендеген жағдайында да өмір сүруін қамтамасыз етеді. Клари жайынының оттегі жетіспеушілігіне осындай жоғары төзімділігі, сондай-ақ судағы азот қосылыстарының жоғарылауына төзімділігі (жайын үшін өлім концентрациясы 6,5 мг/л құрайды, мысалы, форелде 0,6 мг/л, сазан үшін 2,0 мг/л) оны жоғары тығыздықта өсіруге мүмкіндік береді. Суда еріген оттегінің концентрациясы 4,3 мг/л-ден асқанда және атмосфералық оттегіге қол жетімді болғанда жайын өзін жақсы сезінетіні анықталды [83,84].

Ғалымдар кларий жайынының оңтайлы мекендейтін жері рН 6,5–8,0 және температурасы 25-30°C құрайтын су екенін дәлелдеді, сонымен бірге ол 12-18 °C температураға жақсы төзеді, бірақ ол қоректенуді тоқтатады, сонымен қатар температураның өзгеруіне төзімді, қысқа мерзімге 5°C дейін шыдайды. Судағы тұз деңгейін 10‰ дейін көтереді [85].

Табиғи таралу аймағында кларий жайыны - жыртқыш болып табылады. Құрама жемде ақуыз мөлшері аз жемде жақсы өсетіні белгілі. Сонымен қатар өсу қарқыны қоректегі жануар текті компоненттердің көбеюіне байланысты рациондағы ақуыз деңгейінің жоғарылауына пропорционалды түрде артады. Клари жайынының биологиялық ерекшеліктері оны тұйық жүйелі су қондырғыларында (ТЖСК) және шарбақты шаруашылықтарда өсіруге болатын ең перспективалы балық түрлерінің біріне айналдырады [86].

Біздің табиғи-климаттық жағдайымызда жоғары өсу қарқынына ие бола отырып, жазда (вегетациялық кезеңде) тауарлық массасы 200-300 граммға жетеді, кейбір балықтар өмірінің бірінші жылының аяғында жыныстық жетілуге жетеді, ал негізгі жетілу екінші жылдың соңына қарай сәйкес келеді. Сонымен қатар, кейбір ғалымдар дұрыс қоректендіру кезінде салмағы 2 кг немесе одан да көп балықтарды небәрі 10 айда өсіруге болатынын атап өтеді. тұйық жүйелі су қондырғыларында (ТЖСК) өсірудің 6 айында 350 кг дейін балық өнімдерін алуға болады [87,88].

Кларий жайынын перспективалы аквакультура нысандарына жатқызуға мүмкіндік беретін тағы бір фактор - оның ауруларға төзімділігі. Сонымен қатар сапалы, дәмді етімен танымал, онда ұсақ сүйектер кездеспейді.

Әлемнің көптеген елдерінде, әсіресе тропиктік белдеуде орналасқан елдерде клари жайыны және Clariidae тұқымдасының басқа өкілдері әлемнің көптеген елдерінде өсірудің кең таралған түрлерінің біріне айналды. Үндістанда өнімділігі жылына 25-60 т/га болатын спирт зауыттарының тазартылған ағынды суларында кларий жайынының өсіру технологиясы әзірленді. Аквакультурада *Clarias gariepinus*, *C.lazera* және *C.batrachus* жиі қолданылады. Егер соңғы 2 түрі негізінен тропикалық елдерде балық өсіруде таралса, онда *Clarias gariepinus*, Еуропаның балық шаруашылықтарына енгізіліп, тез арада өнеркәсіптік өсірудегі маңызды нысандардың біріне айналды [89].

Қазақстанда соңғы жылдары фермерлер балықтың бұл түріне, оның тауарлық сапасына байланысты ерекше назар аударуда. Негізінен бұл нысан Қарағанды және Алматы облыстарында аз көлемде өсіріледі. Кейіннен ұлғайта отырып, жылына 500 тоннадан бастап тауарлық жайын өнімін өсіру жоспарлануда, осыған байланысты балық қорегіне қажеттілік айтарлықтай артады (жылына 9 мың тоннадан бастап). [3, 90].

Кларий жайынының қоректену рационы ең алдымен балықтың жасына және мөлшеріне байланысты. Өнеркәсіптік жағдайда кларий жайындары арнайы аралас жеммен қоректенеді. Бірнеше күндік кларий жайындарының дернәсілдері негізінен су омыртқасыздарының әртүрлі түрлерімен қоректенеді (қоңырау масаларының немесе шыбын-шіркейлердің дернәсілдері). Жайынға жоғары ақуызды жем беріледі, ұсынылатын шикі ақуыз мөлшері кемінде 42% болуы қажет. Бұл жайынның жыртқыш екендігіне байланысты. Кларий жайындарының шабақтарын күніне он рет қоректендірген жөн. Артемия асшаяндарының тауплиялары бастапқы жем ретінде жарамды. Кларий жайынының салмағы бір грамнан бес граммға дейінгі шабақтары үшін бақтақ балығының шабақтарын қоректендіруде қолданылатын арнайы, аралас өнеркәсіптік құрама жем жақсы жұмыс істейді. Тәуліктік қорек мөлшері тірі балықтардың жалпы массасының шамамен он пайызын құрауы керек. Салмағы бес-жиырма грамм болатын қуыру үшін қоректендіру саны төрт есеге дейін азаяды, ал күнделікті жем мөлшері балықтың тірі салмағының алты пайызын құрауы керек. Ересек балықтарды күніне үш рет құрама жеммен қоректендіру керек, ал күнделікті тұтыну балықтың тірі салмағының бес пайызын құрауы керек. Қосымша қорек ретінде сіз тартылған жаңа піскен немесе мұздатылған балықты пайдалана аласыз. 5-ші күні шабақтар тірі қорекпен қоректене бастайды. 10-шы күні – бастапқы жеммен араластыруға болады. Ал 500 мг массаға жеткенде ұсақ ұнтақталған жеммен қоректендірсе болады. Кларий жайыны 6-7 айда 1000-1500 г тауарлық массаға, ал

жыныстық жетілуге 11-13 айда жетеді. Салмағы 2 кг болатын жайындар көбею үшін оңтайлы болып саналады [91,92, 93].

Клари жайыны – жасанды, тірі қоректерді және басқа да қоректі жақсы тұтынатын балық. Қазақстанның фермерлік шаруашылықтары жағдайында тірі қорек өсіру қолжетімділігі жоғары. Кларий жайынының көбірек ұнататын тірі қорек түрін тексеріп, культивирлеу режимдерін және осы балық түрінің шабақтарына тірі қорек беру әдістерін әзірлеу қажет [94].

1.4 «Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы-1973» ЖШС балық шаруашылығы

«Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы-1973» ЖШС балық шаруашылығы Алматы қаласынан 90 шақырым жерде, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан. Қапшағай су қоймасының сол жағалауында орналасқан, су тоғандарға аталған су қоймасынан сорғылар арқылы жіберіледі. Бұл Қазақстанның бесінші балық өсіру аймағындағы толық жүйелі балық шаруашылығы (бекітілген классификация бойынша) [85].

Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы, бастапқы жобаға сәйкес, барлық санаттағы тоғандары (уылдырық шашатын, шабақтарға арналған, өсіру, қоректендіру, қыстау және балықтарды алмастыратын және аналық балықтарды ұстауға арналған арнайы тоғандар) бар толық жүйелі тоған шаруашылығы ретінде қарастырылған. Барлық санаттағы тоғандардың жалпы ауданы 700 гектардан астам.

Қазір су көзі Леп өзені болып, тоғандарға үздіксіз су беру мәселесі туындап отыр. Дәстүрлі балық түрлерінің (сазан, амур және күміс тұқы) отырғызу материалдарын өсіру тоғандарда жүзеге асырылады. Шаруашылықта тұқы және шөпқоректі балық түрлерінің (сазан және күміс тұқы) толықтыру-аналық үйірлері қалыптастырылған.

Шаруашылықта «Вейс» инкубациялық аппараттарымен, «Амур» аппараттарымен және балықтарды уылдырық шашу алдында ұстауға арналған «Ейск» типті науалармен жабдықталған инкубациялық цех, сондай-ақ аналық пен аталық балық өндірушілерін ұстауға арналған 2 бетон бассейн бар.

Қазіргі уақытта өндірістік тоғандарға су тарту Леп өзенінен өзіндік тартылу күшімен, су құбыры каналы арқылы жүзеге асырылады. Төтенше жағдайда сумен қамтамасыз етуге арналған, диаметрі 300 мм және кеңейту сыйымдылығы 54 м³ болатын қосымша су құбыры қарастырылған.

Сондай-ақ «Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы -1973» ЖШС аумағында екі артезиан ұңғымасы жұмыс істеп тұр. Судың температурасы жаз айларында 18-19°C, қысқы айларда 16-17°C.

1.5 Бассейндік өсіру технологиясы

Бассейнде өсіру технологиясы өнеркәсіптік балық өсіруге жатады. Бұл тұщы немесе теңіз суын пайдаланып, қарқындылығы мен өнімділігі жоғары балықтарды шағын акваторияларда өсіру және өсіру.

Бассейндік шаруашылықтарда әртүрлі типтегі және жастағы балықтар тығыз отырғызылатын, жоғары су ағыны және түрлі құнарлықтағы қарқынды қоректенетін бассейндер жүйесі бар.

Балық шаруашылығы өз мақсаттары үшін жылу электр станцияларының, атом электр станцияларының, су электр станцияларының (жылы су) және табиғи су көздерінің - өзендердің, көлдердің, су қоймаларының (суық су) суын пайдалана алады.

Бассейндік шаруашылықтың артықшылықтары: жоғары отырғызу тығыздығы мүмкіндігі; ұстау жағдайларын, су алмасудың қарқындылығы мен сипатын реттеу, қолайлы температуралық және гидрохимиялық жағдайлар жасау; бассейндерді жинақы орналастыру, аумақты үнемдеу; тауарлық өнімдерді жыл бойы өсіру, балық өсіру процестерін, оның ішінде балық аулау мен қоректендіруді толық механикаландыру мен автоматтандыруды пайдалану мүмкіндігі; суды тазарту үшін жағдайлардың және айналмалы сумен жабдықтау жүйесінің болуы, тоқырау аймақтарының болмауы; жыртқыштар мен құстардан шығын жоқ; балықтың өсірілу ортасын және оның жағдайын визуалды бақылау мүмкіндігі.

Бассейнде балық өсіру кезінде жоғары тығыздық және қарқынды қоректендіру пайдаланылады, ал балық нәжісі мен қорек қалдықтары негізінен су ағынымен бассейннен шығарылады. Балық өсірудің тиімділігі көбінесе су алмасудың қарқындылығымен және су сапасымен анықталады. Бассейндердегі су айналымы оның оттегімен бір мезгілде байытылуымен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар, әрбір бассейнде дербес айналым жүйесі болады.

Алайда, бассейндерде балықтарды жоғары тығыздықта өсіру кезінде су беруді 10 минутқа тоқтауы балықтардың үлкен шығынына әкелуі мүмкін, сонымен қатар аурудың пайда болу қаупі балықтарға қосымша стресс болуы мүмкін екендігін ескеру қажет.

Бассейндік шаруашылықтарда жылы суды пайдалана отырып, 1 м² бассейннен 6-8 айда 200 кг-ға дейін тауарлық тұқы, 30-50 кг бекіре және 150 кг арналы жайынын, 500 кг-ға дейін кларий жайынын және 150 кг тилапия алуға болады.

2 МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

2.1 Зерттеу материалдары

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау 2018-2020 жылдар кезеңінде жеке жоспарға және жұмыс бағдарламасына сәйкес жүргізілді.

Зерттеу нысандары: жауын құрты дендробена (*Dendrobena Veneta*), жауын құрты старатель (*Eisenia foetida*), сірке угрицасы (*Turbatrix aceti*), ақ энхитрей (*Enchytraeus albidus*), креветка (*Palaemon modestus*), мизида (*Mysida*), дафния (*Daphnia*), мойна (*Moina*) сондай-ақ кларий жайыны және ніл тилапиясы (*Clarias gariepinus*).

Далалық жұмыстар және тірі қоректер жиналған тоғандар «Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы-1973» ЖШС балық шаруашылығында (Алматы облыс) орналасты, сондай-ақ зертханалық жұмыстар «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС зертханаларында өткізілді.

Тірі қоректерді культивирлеу культиваторлар мен бассейндерде және отандық және шетелдік авторлардың еңбектерін қолданып жасалынды [59, 95, 96,97].

Тірі қоректерді культиваторларда культивирлеу

Дендробена және старатель жауын құрттарын культивирлеу

Дендробена және старатель жауын құрттарын культивирлеу балық өсіру цех ішінде және ашық ауада шатырдың астында жүргізілді. Культивирлеуге дендробена жауын құртының 100 данасы және старатель жауын құртының 100 данасы алынды. Дендробена және старатель жағдайда ұсталды. Культиваторлар ретінде ені 45 см, тереңдігі 36 см, биіктігі 25 см пластикалық қораптар қолданылды. Қораптарды көтеруге арналған саңылаулары культивирлеуге арналған ортаны желдету үшін қолданылды. Құрттарды культивирлеу топырақ, құрғақ көң және сабанның 5:4:1 көлемдік қатынасымен дайындалған ортада жүргізілді. Құрттарды қоректендіру пісірілген сұлы, картоп, асқабақ және сәбіз ботқасымен, 500 мл көлемінде жүзеге асырылды. Барлық компоненттер культивирлеу ортасына тереңдігі 4-5 см тереңдікке енгізіліп, беті ортамен жабылды. Бұндай қорекпен құрттар әр 5-7 күн сайын қоректендірілді. Қоректендіру жиілігі қораптағы құрттардың санына және культивирлеу температурасына байланысты болды (температура оңтайлы бола бастағанда құрттар тұтынатын қорек мөлшері артты). Сондай-ақ, аптасына 1-2 рет культивирлеу ортасын қопсыту және суару жүргізілді. Құрттар қопсытқыштардан қолмен жиналды. Жиналған дарақтар топырақтан толық тазартылғанша ағынды судың астында капронды електе жуылды, содан кейін құрттардың ішектері ішіндегісінен босатылуы үшін түбінен жоғары тартылған шыны ыдыстың дымқыл дәкесінде 2 күн ұсталды. 2 күн дәкеде ұсталғаннан кейін құрттардың денесінен шырышты кетіру үшін ағынды сумен жуылды. Құрттарды дезинфекциялау "антисептикалық Aquascons" кондиционері арқылы жүргізілді. Құрттар 1 мл кондиционер қосылған 10 л суға жуылып, содан кейін қайтадан ағынды сумен жуылды. Құрттармен балықтарды қоректендіруден бұрын, оларды қайшымен ұсақталып, тағы бір рет ұсақ тордан өткізілді. Осылайша ұсақталған құрттар

балықтарға су ағыны бағытымен аз мөлшерде берілді. Дендробена және старатель жауын құрттарының сыртқы пішіні 2 суретте көрсетілген.



А

Б

А – дендробена, Б – старатель

Сурет 1 – Жауын құрттардың сыртқы пішіні

Сірке угрицасын культивирлеу


Сірке угрицасын культивирлеу ауданы 0,25-0,50 м², қақпақтары бар және диаметрі 1-2,5 мм шағын желдеткіш саңылаулары бар мөлдір пластикалық қораптарда жүргізілді. Сірке угрицасын культивирлеу балық өсіру цех ішінде жүргізілді. Сірке угрицасын культивирлеу келесі қоректік орталар пайдаланылды:

№ 1 нұсқа. 10:3:0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені қосылған ұнтақталған сұлы ботқасы;

№ 2 нұсқа. 10: 5: 0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені қосылған нан үгіндісі;

№3 нұсқа. 10:3:0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені бар қайнатылған және ұнтақталған кебек.

Сірке угрицасының сыртқы пішіні 2 суретте көрсетілген.



Сурет – 2 Сірке угрицасының сыртқы пішіні


Сірке угрицасын культивирлеу 25 тәулік жүргізілді. Әр қоректік орта 2 культиваторға қолданылды, барлығы 6 культиватор қолданылды. Культура 0,50-1 м² ауданына 100-200 грамм көлемінде дайындалған қоректік ортаға жайылды. Культураны қоректендіру әр 12 күн сайын жүргізілді. Сірке угрицасының дарақтарын жинау күн сайын жүргізілді. Құрттарды жинау культиватордың қабырғалары мен жоғарғы қабатынан кәдімгі көркемдік қылқалам арқылы жүзеге асырылды. Сірке угрицасы "антисептикалық Aquascons" кондиционері қосылған суға жиналды, содан кейін ағынды сумен жуылды. Өзінің кіші өлшемдеріне байланысты, сірке угрицасы балық шабақтарына тұтастай берілді.

Ақ энхитрейді культивирлеу

Ақ энхитрейді культивирлеу үшін ауданы 0,31 м², биіктігі 30 см болатын 6 пластикалық қорап қолданылды. Ақ энхитрейді культивирлеу балық өсіру цех ішінде және ашық ауада шатырдың астында жүргізілді. Культивирлеу ортасы топырақ, құрғақ көң мен сабанның 50:40:10 көлемдік қатынасында жүргізілді. Ақ энхитрей культивирлеу ортасына 250 г/м² мөлшерінде енгізілді. Ақ энхитрей келесі қорек түрлерімен қоректендірілді:

- №1 нұсқа. Пісірілген сұлы, картоп, асқабақ және сәбіз қабығы;
- №2 нұсқа. Пісірілген жарма ботқасы, пісірілген бидай кебегі;
- №3 нұсқа. Көкөністер ботқасы.

Ақ энхитрей құртының сыртқы пішіні 3 суретте көрсетілген.



Сурет 3 –Ақ энхитрей құртының сыртқы пішіні

Ақ энхитрейге қорек 2-3 күнде 1 рет берілді. Дарақтар культиваторлардан қолмен жиналды. Бұл құрт түрі де, балықтарға берер алдында "антисептикалық Aquascons" кондиционері арқылы дезинфекциялаудан өткізіліп, содан кейін ағынды сумен жуылды. Өлшемі кіші болғандықтан, бұл құрттар да балықтарға тұтастай берілді.

Креветкалады бассейндерде культивирлеу

Креветкаларды жинау "Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы-1973" ЖШС қыздыру тоғанының таяз бөлігінде екі әдіспен жүргізілді:

- күндізгі уақытта жинау.
- қараңғы уақытта жарықтың көмегімен жинау.

Күндізгі уақытта креветкаларды жинау 4 тәулік бойы, 09:00-10:30 дейін жүргізілді. Түнгі уақытта жинау 4 тәулік ішінде, 21:00-22:30 уақыт аралығында жүргізілді. Түнгі уақытта креветкаларды жинау кезінде, негізінен, жұмыртқалары бар ірі аналықтар ұсталды, ал креветканың жас дарақтары көбіне күндізгі уақытта ұсталды.

Ұсталған креветкалар шелекке жиналып, содан ені 221 см, тереңдігі 150 см, биіктігі 43 см-лік 2 бассейнге көшірілді.

Креветкаларды бассейндерге 1500 дана/м² тығыздығымен отырғызылды. Креветканың сыртқы пішіні 4 суретте көрсетілген.




Сурет 4 –Креветканың сыртқы пішіні

Креветкалардың табиғи жағдайларын имитациялау үшін бассейндерде баспана ретінде пластикалық құбырлар мен шлангтардың сегменттері орнатылды. Креветкаларға қорек ретінде көң тұнбасы, детрит, ұнтақталған балдыр жіпшелері, гидролизді ашытқы, асқабақ пен сәбіз-қияр пюресі берілді. Қоректендіру күніне 1 рет жүргізілді. Креветкаларды культивирлеу 75 тәулік жүргізілді. Бассейндердегі оттегі режимінің оңтайлы көрсеткіштерін сақтау үшін қосымша аэрация орнатылды. Суды жылыту үшін термостаттар орнатылды.

Мизидаларды бассейндерде культивирлеу

Мизида Қапшағай су қоймасының әртүрлі учаскелері мен тереңдіктерінде нектобентостық тралмен жиналды. Жиналған мизидаларды 85 литрлік пластикалық бөшкелерде және оттегімен қамтамасыз етілген тірі балық пакеттерінде "Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы-1973" ЖШС инкубациялық цехына тасымалданып, онда 1500 дана/м² тығыздығымен ені 221 см, тереңдігі 150 см, биіктігі 43 см 2 бассейнге көшірілді. Мизиданың сыртқы пішіні 5 суретте көрсетілген.


Мизидаларды культивирлеу көң тұнбасы, детритте, ұнтақталған жіпшелерде, гидролизді ашытқыда, асқабақ пен сәбіз-қияр пюресінде жүргізілді. Қоректендіру күніне 1 рет жүргізілді. Бассейндердегі оттегі режимінің оңтайлы көрсеткіштерін сақтау үшін қосымша аэрация орнатылды. Суды жылыту үшін термостаттар орнатылды. Мизидаларды культивирлеу 75 тәулік жүргізілді.




Сурет 5 –Мизиданың сыртқы пішіні

Дафния мен моиналарды культивирлеу

Дафния мен моиналардың аналық культураларын "Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы-1973" ЖШС-нің өсу тоғандарында, планктондық торлардың көмегімен жиналды. Жиналған культура «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС зертханаларына тірі күйінде тасымалданып, дафния мен моиналар сұрыпталып, әр түр 100 литр көлемдегі екі аквариумға отырғызылды. Аквариумдарда өсіру $10-20 \text{ г/м}^3$ тығыздықта, 30 күн ішінде жүргізілді. Әр аквариумда аэраторлар орнатылды. Дафния мен моиналар күніне 1 рет жемдік ашытқы мен детритпен қоректендірілді. Кейін сұрыпталған дарақтар балық шаруашылығына көшірілді және одан әрі өсіру бассейн жағдайында 60 тәулік культивирленді. Культивирлеу ені 221 см, тереңдігі 150 см, биіктігі 43 см 4 бассейнде жүргізілді: Әр 2 бассейнге дафния мен моиналар тығыздығы 10 г/м^3 көлемінде салынды. Дафния мен моинаның сыртқы пішіндері 6, 7 суреттерде көрсетілген.



Сурет 6- Дафнияның сыртқы пішіні



Сурет 7 - Моинаның сыртқы пішіні

Дафния мен моиналарды культивирлеуге артезиан суы қолданылды. Азот пен нитраттар ертінділердің артезиан суындағы жоғары мөлшері суды газсыздандыру және аэрациялау арқылы жойылды. Дафния мен моиналар үшін қоректік орта: көң сұйықтығы, жемдік гидролиз ашытқысы және селитра қосып қамыс ашыту нәтижесінде алынған қоректік орта болды. Көң сұйықтығы балғын сиыр көңінен дайындалды: 10 литр суға 0,5 кг көң салынып, қолданар алдында 2-3 сағат тұндырылды. Көң сұйықтығы 3 күнде бір рет 100 мл/м³ мөлшерінде енгізілді. Суда сұйылтылған жемдік гидролиз ашытқысы 10 г/м³ мөлшерінде берілді. Қоректендіру әр 5 күн сайын жүргізілді. 85 л ыдысқа 100 г селитра қосып, қамысты ашыту нәтижесінде алынған қоректік орта 10 л/м³ мөлшерінде, жиілігі 3 күнде бір рет енгізілді. Бұл қоректік орта 100 мл/м³ есебімен бассейндерге енгізілді.

Культивирленген тірі қоректердің химиялық құрамы FOSS компаниясының аспаптарын (NIRS ИҚ-анализаторы™ DA 1650) қолдану арқылы анықталды, ылғалдылық пайызы EVLAS-2M құрылғысында анықталды. Тірі қоректің аминқышқылдарының құрамын сұйық хроматографты (ЛЮМАХРОМ®) қолдану арқылы анықталды.


Культиваторлардағы температура мен ылғалдылықты бақылау ТА-298 гигрометрi көмегімен жүргізілді.

Тірі қоректер культивирленген және балықтар өсірілген судың гидрохимиялық көрсеткіштері тікелей цехта, сондай-ақ зертханада титрлеу әдісімен, тесттердің көмегімен және МАРК-302Э термооксиметрлермен анықталады. Температуралық және оттегі режимдерінің динамикасы күн сайын тәулігіне 3 рет, сутегі көрсеткішінің деңгейі – тәулігіне 2 рет бақыланды [98].

Кларий жайыны мен тилапияны өсіру


Кларий жайыны мен тилапия «Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы-1973» ЖШС-нің инкубациялық цехында орналасқан, ұзындығы 4 м, ені 0,7 м, биіктігі 0,8 м Ейск типті 4 балық өсіру науаларында, күнделікті 2 рет су ауыстырумен, жылыту жүйесімен және аэрациямен жүргізілді. Ейск типті науаның сызбасы 8 суретте көрсетілген.

Суды жылыту қуаты 6 кВт болатын екі Nano Spa Electro жылытқышы арқылы жүзеге асырылды.




Сурет 8 – Ейск типті науаның сызбасы

Өсірілген балықтардың балықтық-биологиялық көрсеткіштерін бағалау үшін әр түрдің 25 данасы алынды. Бағалау әр 10 күн сайын бақылау және соңғы аулау нәтижелері бойынша жүргізілді. Балықтарды өлшеу CAS аналитикалық таразысының көмегімен жүргізілді. Ұзындығын өлшеу штангинциркульмен жүргізілді. Қоректендіру жиілігі, балықты қоректендірудің тәуліктік рационын және қоректендіру коэффициентін есептеу балық өсіруде жалпы қабылданған әдістерге сәйкес жүргізілді. Зерттелген балықтардың өміршеңдігін бағалау үшін күн сайын және және қорытынды аулау кезінде өлген балықтардың есебі жүргізілді. Тікелей есепке алу әдісін қолдана отырып, балықтардың қоректенуі және қоректендіргендегі жағдайы бағаланды. Кларий жайынының мен тилапияның сыртқы пішіні 9-10 суреттерде көрсетілген.



L- балықтың тұмсық ұшынан құйрық қанатының ең ұзын сәулесіне дейінгі толық ұзындығы;
l - балық денесінің тұмсық ұшынан құйрық қанатының басына дейінгі ұзындығы.

Сурет 9- Клариий жайынының сыртқы пішіні



L- балықтың тұмсық ұшынан құйрық қанатының ең ұзын сәулесіне дейінгі толық ұзындығы;
 l - балық денесінің тұмсық ұшынан құйрық қанатының басына дейінгі ұзындығы.

Сурет 10- тилапияның сыртқы пішіні

Кларий жайыны мен тилапияны тірі қоректермен қоректендіру кезінде, қосымша Польшада өндірілген даниялық «Aller Aqua» фирмасының жасанды жемімен қоректендіріліп, бақылау жүргізілді [11,12].

2.2 Материалдарды өңдеу әдістері

Ақпараттық материалдарды жинау, өңдеу және талдау өнеркәсіптік балық өсіруде жалпы қабылданған әдістер бойынша жүргізілді [99-111].

Тірі қоректің шығыны (1) формула бойынша күнделікті рационның көрсеткішімен анықталды:

$$C = \frac{P \times A \times n}{100} \quad (1)$$

мұндағы

C – тәуліктік қоректену нормасы;

P – балықтың орташа салмағы, г;

A – тәуліктік рацион, балық массасының %

n – балық саны, дана

Тірі қоректің қоректік коэффициенті (2) формула бойынша есептеледі:

$$K_k = \frac{m}{(M_k - M_n)} n \quad (2)$$

мұндағы

m – кезең ішінде жұмсалған қорек мөлшері, г;

M_k және M_n – бастапқы және соңғы балықтардың орташа салмағы, г;

n – балық саны, дана

Мәліметтерді статистикалық өңдеу Г.Ф. Лакиннің нұсқаулықтарына сәйкес жүргізілді [110]. Статистикалық көрсеткіштер мынадай символдармен белгіленген: \min -минималды, \max – максималды, M – орташа мәндер; $\pm m$ – орташа ауытқу.

Абсолютті өсу кезеңдегі балықтың бастапқы және соңғы салмағы арасындағы айырмашылықпен есептеледі.

Салыстырмалы өсім (3) формула бойынша есептелді:

$$M = \frac{M_k - M_n}{M_n} 100\% \quad (3)$$

мұндағы

M_n – кезеңнің басындағы балықтың орташа массасы

M_k – кезеңнің соңындағы балықтың орташа массасы

Орташа тәуліктік өсім (4) формула бойынша есептелді:


$$M_c = \frac{M_a}{t} \quad (4)$$

мұндағы

M_a – абсолютті пайда

t – өсіру күндерінің саны

Экономикалық тиімділікті есептеу үшін отандық және шетелдік әдебиеттер пайдаланылды [112-116]. Зерттеу жүргізудің сызбасы 11 суретте көрсетілген.



Сурет 11 - Зерттеу жүргізудің сызбасы

3 НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

3.1 Тірі қоректерді культиваторларда культивирлеу технологиясы

3.1.1 Дендробена (*Dendrobaena Veneta*) және старатель (*Eisenia foetida*) жауын құрттарын балықтарға арталған тірі қорек ретінде культивирлеу

Дендробена мен старательдің культивирлеудің салыстырмалы нәтижелері 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Дендробена мен старательдің культивирлеудің салыстырмалы нәтижелері

| Көрсеткіштер | Жауын құрттарының атаулары | |
|--|----------------------------|-----------|
| | Дендробена | Старатель |
| Культивирлеу ұзақтығы, тәулік | 40 | |
| Культивирлеу ортасының құрамы, % | | |
| Топырақ | 50 | |
| Көң | 40 | |
| Сабан | 10 | |
| Культиваторлардағы орташа температура, °С | 21 | 21 |
| Культиваторлардағы орташа ылғалдылық, % | 88 | 88 |
| Құрттардың бастапқы биомассасы, г/м ² | 300 | 300 |
| Құрттардың соңғы биомассасы, г/м ² | 894 | 788 |
| Өнімділік, г/м ² | 594 | 488 |
| Орташа тәуліктік өсім, г/м ² | 19,8 | 16,2 |
| Құрттардың саны, дана | 280 | 357 |
| Ірі дарақтар -11,6 см | 33 | 12 |
| Орташа дарақтар -8,3 см | 54 | 103 |
| Кішкентай дарақтар -5,2 см | 192 | 242 |

Құрттардың екі тұқымы да бірдей жағдайда өсірілді. Культиваторлардағы орташа температура 21°С құраса, ылғалдылық 88% деңгейінде сақталды. Культивирлеу үшін дендробена мен старатель жауын құрттарының 300 г/м² биомассасы пайдаланылды. 40 күндік культивирлеуден кейін дендробена жауын құртының 894 г/м² биомассасы, ал старатель жауын құртының 788 г/м² биомассасы алынды. Дендробена жауын құрты старатель жауын құрттарына қарағанда 106 г/м² өнімдірек болды, яғни дендробенаның өнімділігі 17,8% жоғары екендігі анықталды. Орташа тәуліктік өсім бойынша да дендробена жауын құрттары жақсы нәтиже көрсетті, 19,8 г/м². Өсірудің 40 күнінде старатель жауын құрттарының санының өсуінің ең жақсы нәтижесін көрсетті. Нәтижесінде, старатель жауын құрттарының 357 данасы, дендробена жауын құрттарының 280 данасы алынды. Алынған даралар үш топқа бөлінді: денесінің ұзындығы 11,6 см болатын ірі даралар, денесінің ұзындығы 8,3 см болатын орташа

даралар және денесінің ұзындығы 5,2 см болатын ұсақ даралар. Ірі даралар саны бойынша дендробена жауын құрттарында ең жақсы нәтиже болды. Старатель жауын құрттардың 357 данасының тек 12 ғана ірі даралар болса, ал дендробена тұқымының құрттарында ірі даралардың саны 33 данаға жетті.

Дендробена мен старательді культивирлеу ерекшеліктерін бақылау нәтижелері дендробенаның өнімділік және орташа тәуліктік өсім бойынша, ал старательдің жеке даналардың өлшемдік көрсеткіштері бойынша артықшылығын көрсетеді. Жалпы алғанда, құрттардың екі түрі де жақсы нәтижелерді көрсетті.

Культивирленген дендробена мен старатель жауын құрттарының кларий жайыны мен тилапияға тірі қорек ретінде қолданудың алдында, олардың денесінің химиялық құрамы зерттелді [117,118].

Дендробена және старатель құрттарының химиялық құрамын зерттеу нәтижелері 2 – кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Дендробена және старатель құрттарының денесінің химиялық құрамын зерттеу нәтижелері

| Көрсеткіштер | Жауын құрттарының атаулары | |
|--|----------------------------|-----------|
| | Дендробена | Старатель |
| Құрғақ зат, % | 14,1 | 14,02 |
| Шикі протеин, абсолютті құрғақ ылғалдылық % | 55,1 | 55,0 |
| Шикі май, абсолютті құрғақ ылғалдылық % | 7,5 | 6,9 |
| Күл, абсолютті құрғақ ылғалдылық % | 4,81 | 4,2 |
| Азотсыз экстрактивті заттар (АЭЗ), абсолютті құрғақ ылғалдылық % | 5,9 | 5,8 |
| Лизин, аминқышқылдарының % | 6.04 | 5.48 |
| Метионин, аминқышқылдарының % | 2.99 | 2.75 |
| Цистин, аминқышқылдарының % | 5.1 | 4.69 |
| Триптофан, аминқышқылдарының суммасы | 2.64 | 2.43 |

Зерттеулер нәтижесінде, дендробена жауын құртының денесінде 55,1% шикі протеин, ал старатель жауын құртының денесінде 55,0% шикі протеин, анықталды. Тилапияны өсіру үшін құрамында кем дегенде 45% шикі протеин, ал кларий жайынын өсіру үшін құрамында кем дегенде 45,26% шикі протеин бар қорек ұсынылатынын ескерсек, жауын құрттары олар үшін тамаша ақуызға бай қорек болып табылады. Сонымен қатар, дендробена және старатель жауын құрттарының денесінде лизин мен метионин сияқты балықтардың қоректенуінде маңызды аминқышқылдарының жеткілікті мөлшері анықталды. Дендробена жауын құртында 6,04% лизин және 2,99% метионин, ал старатель жауын құртында 5,48% лизин және метионин 2,75% болды. Дендробена және старатель жауын құрттарының денесінің химиялық құрамы балықтарды қоректендіруге толық сәйкес екенін көрсетеді [9,58,62,64].

3.1.2 Сірке угрицасы (*Turbatrix aceti*) балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу

Әр түрлі қоректік ортаны қолдана отырып, сірке угрицасыны культивирлеу нәтижелері 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3 - Әр түрлі қоректік ортада сірке угрицасының культивирлеу нәтижелері

| Көрсеткіштер | Тәжірибе нұсқалары | | |
|---|---|--|---|
| | №1 10:3:0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені қосылған ұнтақталған сұлы ботқасы | №2 10: 5: 0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені қосылған нан үгіндісі | №3 10:3:0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені бар қайнатылған және ұнтақталған кебек |
| Өсіру уақыты, тәулік | 25 | 25 | 25 |
| Культиваторлардағы орташа температура, °С | 23 | 25 | 26,7 |
| Культиваторлардағы орташа ылғалдылық, % | 79 | 56 | 66 |
| Қоректендіру жиілігі, тәулік | 12 | 12 | 12 |
| Қоректік ортаны ауыстыру, рет | 2 | 3 | 1 |
| Көбею басталуы, тәулік | 2 | 5 | 5 |
| Көбеюдің аяқталуы, тәулік | 15 | 10 | 23 |
| Орташа тәуліктік өсім, г | 5,3-8,1 | 2,2-3,1 | 0,2-0,3 |
| Барлық алынған өнім, г | 138 | 62 | 1,1 |

Сірке угрицасының бастапқы культурасы әр түрлі дарақтардан тұрды. Бірінші күні культура жаңа жағдайларға бейімделді және қарқынды өсу байқалмады. Сірке угрицасының көбеюі тек басында ғана жай болады, содан кейін өнімнің бір бөлігін күнделікті алып тастаған жағдайда тұрақты өсім байқалды. Культураны қоректендіру әр 12 күн сайын жүргізілді. Өсіру кезінде культиваторларда келесі параметрлер сақталды: температура – 23-26, 7°С, ылғалдылық-56-79%. Сірке угрицасын жинау күн сайын жүргізілді. Сірке угрицасы қоректік ортаның беткі қабатынан және культиваторлардың қабырғаларынан жүзеге асырылады [80,119,120].

Сірке угрицасына ең қолайлы өсіру ортасы болып №1 қоректік орта (10:3:0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені қосылған ұнтақталған сұлы ботқасы) табылды. Бұл ортада сірке угрицасының көбеюі 2-ші күні басталды, орташа тәуліктік өсім 8,1 грамм құрады. Барлығы 2 культиватордан 138 грамм тірі өнім

алынды. №1 қоректік ортадағы культураның әлсіреуі 15-ші күні байқалды. №2 қоректік ортада (10:5:0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені қосылған нан үгіндісі) сірке угрицасының көбеюі 5-ші күні басталып, 10-шы күні аяқталды. Бұл қоректік ортадан орташа тәуліктік өсім 3,1 грамм, ал барлығы 2 культиватордан 62 грамм тірі өнім алынды. №3 (10:3:0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені бар қайнатылған және ұнтақталған кебек) қоректік отасында культивирленген сірке угрицасы ең төмен нәтижелер көрсетті. Бұл ортада культураның көбеюі №2 қоректік ортадағыдай 5-ші күні басталды, бірақ көбеюдің аяқталуы басқа орталарға қарағанда ұзақ болды, 23 күн. Орташа тәуліктік өсім 0,3 грамм, ал барлығы 2 культиватордан 1,1 грамм тірі өнім алынды.

Қорытындылай келе, сірке угрицасын 10:3:0,1 қатынасында үгітілген сәбіз және "Ревит" дәрумені қосылған ұнтақталған сұлы ботқасында культивирлеу тиімді.

3.1.3 Ақ энхитрейді (*Enchytraeus albidus*) балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу

Әр түрлі қоректік қоспаларды қолданған кезде ақ энхитрейді өсіру нәтижелері 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4 - Әртүрлі қоректік орталарды қолданып ақ энхитрейді культивирлеу нәтижелері

| Көрсеткіштер | Тәжірибе нұсқалары | | |
|---|---|--|-----------------------|
| | №1 Пісірілген сұлы, картоп, асқабақ және сәбіз қабығы | №2 Пісірілген жарма ботқасы, пісірілген бидай кебегі | №3 Көкөністер ботқасы |
| Өсіру кезеңі, тәулік | 40 | | |
| Культиваторлардағы орташа температура, °С | 18,2 | 18,6 | 18,3 |
| Культиваторлардағы орташа ылғалдылық, % | 38 | 44 | 37 |
| Қоректендіру жиілігі, тәулік | 3 | 3 | 2 |
| Құрттардың бастапқы тығыздығы, г/м ² | 250 | 250 | 250 |
| Құрттардың соңғы тығыздығы, г/м ² | 390 | 300 | 280 |
| Көбею басталуы, тәулік | 6 | 11 | 22 |
| Көбеюдің аяқталуы, тәулік | 32 | 24 | 37 |
| Орташа тәуліктік өсім, г | 0,97 | 0,7 | 0,37 |
| Барлық алынған өнім, г | 39 | 28 | 15 |

Алынған нәтижелер бойынша, деректер №1 (пісірілген сұлы, картоп, асқабақ және сәбіз қабығы) орта жоғары тиімділігін көрсетті. Бұл ортада ақ энхитрейдің көбеюі 6-шы күні басталды, орташа тәуліктік өсім 0,97 грамм құрады. Барлығы 2 культиватордан 39 грамм тірі өнім алынды. №2 (пісірілген жарма ботқасы, пісірілген бидай кебегі) қоректік ортадағы культураның көбеюі де 11-ші күні басталып, 22-ші күні аяқталды. Орташа тәуліктік өсім 0,7 грамм құрап, екі культиватордан 28 грамм өнім алынды. №3 (көкөністер ботқасы) қоректік ортада ақ энхитрейдің көбеюі 22-ші күні басталып, 37-шы күні аяқталды. Бұл қоректік ортадан орташа тәуліктік өсім 0,37 грамм, ал барлығы 2 культиватордан 15 грамм тірі өнім алынды. Осылайша, №1 қоректік ортадан барлық өнімнің 82%, №2 қоректік ортадан барлық өнімнің 22,96%, №3 қоректік ортадан барлық өнімнің 12,3% алынды.

Шабақтардың қалыпты дамуы барлық өмірлік процестердің қалыпты ағымын қамтамасыз ететін ақуыз, энергия жеткізушілері болып табылатын көмірсулар мен майлар, қанқа, қан және бұлшықеттердің дамуы үшін маңызды минералдар, сондай-ақ метаболизмге әсер ететін дәрумендерге бай қоректің сапасына байланысты [80,81,121,122]. Ақ энхитрейдің қоректік құндылығын анықтау үшін олардың химиялық құрамы анықталды. Нәтижесінде, ақ энхитрей денесінде 70,15% шикі протеин және 14,53% шикі май анықталды. Бұл көрсеткіштер бойынша ақ энхитрей кларий жайыны мен тилапия балықтарына арналған бастапқы қорекке сәйкес келеді. Нәтижелер 5-кестеде келтірілген.

Кесте 5 –Ақ энхитрей денесінің химиялық құрамын зерттеу нәтижелері

| Көрсеткіштер | Ақ энхитрей |
|--|-------------|
| Құрғақ зат, % | 17,69 |
| Шикі протеин, абсолютті құрғақ ылғалдылық % | 70,15 |
| Шикі май, абсолютті құрғақ ылғалдылық % | 14,53 |
| Күл, абсолютті құрғақ ылғалдылық % | 5,54 |
| Азотсыз экстрактивті заттар (АЭЗ), абсолютті құрғақ ылғалдылық % | 9,58 |
| Лизин, аминқышқылдарының % | 8,0 |
| Метионин, аминқышқылдарының % | 1,69 |
| Цистин, аминқышқылдарының % | 1,05 |
| Триптофан, аминқышқылдарының % | 1,79 |


3.2 Тірі қоректерді бассейндерде культивирлеу технологиясы

3.2.1 Креветкаларды (*Palaemon modestus*) және мизидаларды (*Mysida*) балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу


Креветкаларды балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу

Креветкаларды бассейндерде культивирлеу кезінде судың гидрохимиялық көрсеткіштері күн сайын бақыланып, әр декадада орташа көрсеткіштер анықталды.

Алынған көрсеткіштер берілген шектен шықпады. Нәтижелер 12,13 суреттерде көрсетілген.



Сурет 12- Креветкалар культивирленген №3 бассейндегі судың гидрохимиялық көрсеткіштері



Сурет 13- Креветкалар культивирленген №4 бассейндегі судың гидрохимиялық көрсеткіштері

Креветкалардың көбеюі зерттеудің 30 тәулігінде байқалды, ал көбеюдің аяқталуы байқалмады. Креветкаларды бассейндерде культивирлеу нәтижесінде №3 бассейнден 10,1 г/м², №4 бассейнден 11,0 г/м² орташа тәуліктік өнім алынды. Креветкаларды бассейндерде культивирлеу нәтижелері б-кестеде көрсетілген.

Кесте 6 – Бассейндерде креветкаларды культивирлеу нәтижелері

| Көрсеткіштер | бассейндер | |
|----------------------------------|------------|------|
| | №3 | №4 |
| Өсіру ұзақтығы, бір күн | 75 | |
| Тәуліктік өнім, г/м ² | | |
| Орташа | 10,1 | 11,0 |
| Төменгі | 1,7 | 3,3 |
| Жоғарғы | 45,7 | 51,7 |
| Көбеюдің басталуы, күн | 30 | 30 |
| Көбеюдің аяқталуы, күн | байқалмады | |

Кесте 7 – Креветкаларды өсуі мен көбеюінің негізгі нәтижелері

| Көрсеткіштер | №3 бассейн | | | №4 бассейн | | |
|-----------------|------------|-------|------|------------|-------|------|
| | ♀ | ♂ | Юв. | ♀ | ♂ | Юв. |
| өнімділік, дана | | | | | | |
| орташа | 83 | - | - | 82 | - | - |
| аралығы | 70-103 | - | - | 69-107 | - | - |
| салмағы, мг | | | | | | |
| орташа | 394,3 | 396,0 | 27,4 | 392,2 | 393,3 | 26,5 |
| мин | 265,5 | 382,8 | 5,7 | 266,8 | 382,5 | 5,5 |
| макс | 589,3 | 406,0 | 61,2 | 588,8 | 403,2 | 60,2 |
| ұзындығы, мм | | | | | | |
| орташа | 33,8 | 32,7 | 18,2 | 33,1 | 31,7 | 17,2 |
| мин | 29 | 31,2 | 15,3 | 29,4 | 31,0 | 15,4 |
| макс | 37,9 | 40,5 | 21,1 | 37,8 | 40,0 | 19,9 |

Креветкаларды культивирлеу барысында олардың жыныс құрылымына (аналықтардың, аталықтардың және дернәсілдердің саны есептелді), олардың орташа салмағы, популяциядағы жыныс қатынасы және орташа аналықтардың ұрықтылығына зерттеулер жүргізілді. Креветкаларды өсуі мен көбеюінің негізгі нәтижелері 24 кестеде көрсетілген. Креветкаларды культивирлеудің бастапқы кезеңінде дернәсілдер санының өсуі байқалды (жалпы құрылымын зерттеу кезінде ең жоғары концентрация–30 дана/м², өсірудің соңына қарай концентрацияның төмендеуі шамалы болды және құрады. 28 дана/м² (7 кесте). Креветкалар популяциясындағы жыныс қатынасы культивирлеу кезінде тұрақты болды (♂♂:♀♀ - 1:3,1), аналықтары басым болды. Креветкалардың өсуі мен көбеюін зерттеу олардың қарқынды көбеюі бүкіл вегетациялық кезеңде жалғасатынын көрсетеді. Креветкалардың дамуының негізгі биологиялық көрсеткіштері орташа ұрықтандырудың 78-ден 86 эмбрионға дейін болатынын көрсетеді, бұл табиғи популяциядан біршама аз. Культивирлеу кезеңінде жұмыртқасы бар, көбеюге дайын аналықтар креветкалардың жалпы аналықтар санының орта есеппен 79,5% құрады.

Осылайша, креветкалар популяциясындағы жыныстық қатынас барлық культивирлеу кезінде тұрақты, яғни аналықтары басым болды. Креветкалар популяциясының құрылымын зерттеу нәтижелері бойынша тұрақты өсіру жағдайларына байланысты жасанды жағдайда көбею кезеңінің ұзаруы анықталды. Креветкалардың өсуі мен көбеюінің негізгі параметрлерін зерттеу олардың қарқынды көбеюі бүкіл вегетациялық кезеңде жалғасатынын көрсетеді.



А




Б

А – жұмыртқалары бар аналық, Б – креветканың жұмыртқалары


Сурет 14 – Креветка аналығы

Мизидаларды культивирлеу

Бассейндерде креветка мен мизидаларды культивирлеу кезінде жағдайлар ерекшеленбеді, өйткені бір су көзі пайдаланылды және су ағыны бірдей деңгейде сақталды. Мизидалар культивирленген бассейндердегі судың гидрохимиялық көрсеткіштердің динамикасы 15-16-суреттерде көрсетілген. Алынған мәліметтер бойынша бассейндердегі судың температуралық режимі 18,0-24,2°C, орта есеппен 21,5°C, ортаның белсенді реакциясының көрсеткіші 8,5-8,7 бірлік шегінде ауытқып отырды, суда еріген оттегінің мөлшері орта есеппен 7,7 мг/л деңгейінде сақталды, бұл ретте 6,9-7,8 мг/л шегінде ауытқиды.



Сурет 15 - Мизидаларды культивирлеген №1 бассейндегі судың гидрохимиялық көрсеткіштері



Сурет 16 - Мизидаларды культивирлеген №1 бассейндегі судың гидрохимиялық көрсеткіштері

Мизидалардың бассейндік жағдайда көбеюі зерттеудің 25 тәулігінде байқалды, ал көбеюдің аяқталуы байқалмады. Мизидаларды бассейндерде культивирлеу нәтижесінде №1 бассейнден 7,1 г/м², №2 бассейнден 6,5 г/м² орташа тәуліктік өнім алынды. Креветкаларды бассейндерде культивирлеу нәтижелері 8-кестеде көрсетілген.

Кесте 8 - Бассейндерде мизидаларды культивирлеу нәтижелері

| Көрсеткіштер | Бассейндер | |
|----------------------------------|------------|------|
| | № 1 | № 2 |
| Культивирлеу ұзақтығы, тәулік | 75 | |
| Тәуліктік өнім, г/м ² | | |
| Орташа | 7,1 | 6,5 |
| Төменгі | 1,3 | 1,3 |
| Жоғарғы | 28,0 | 25,0 |
| Қарқынды даму, тәулік | 25 | 25 |
| Культураның әлсіреуі, тәулік | байқалмады | |

Мизидаларды культивирлеу барысында олардың жыныс құрылымына (аналықтардың, аталықтардың және дернәсілдердің саны есептелді), олардың орташа салмағы, популяциядағы жыныс қатынасы және орташа аналықтардың ұрықтылығына зерттеулер жүргізілді. Мизидалардың өсуі мен көбеюінің негізгі нәтижелері 10 кестеде көрсетілген. Мизидаларды культивирлеудің бастапқы кезеңінде дернәсілдер санының өсуі байқалды (жалпы құрылымын зерттеу кезінде ең жоғары концентрация– 30 дана/м²; өсірудің соңына қарай концентрацияның төмендеуі шамалы болды және құрады. 28 үлгі/ м² (9 кесте). Мизидалар популяциясындағы жыныс қатынасы культивирлеу кезінде тұрақты болды (♂♂:♀♀- 1:0,9), аталықтары басым болды. Аналықтардың максималды саны (♂♂:♀♀ - 1:4,2) көбею кезеңіндебайқалды, олардың көпшілігі жұмыртқалары бар аналықтар болды (81%).Мизидалардың өсуі мен көбеюін зерттеу олардың қарқынды көбеюі бүкіл вегетациялық кезеңде жалғасатынын көрсетеді. Культивирлеу кезеңінде жұмыртқасы бар, көбеюге дайын аналықтар мизидалардың жалпы аналықтар санының орта есеппен 55,8%-ын құрады.

Кесте 9 – Бассейндегі мизида культураның көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | №1 бассейн | | | №2 бассейн | | |
|-----------------|------------|-------|------|------------|-------|------|
| | ♀ | ♂ | Юв. | ♀ | ♂ | Юв. |
| өнімділік, дана | | | | | | |
| орташа | 83 | - | - | 82 | - | - |
| аралығы | 70-103 | - | - | 69-111 | - | - |
| салмағы, мг | | | | | | |
| орташа | 394,3 | 396,0 | 27,4 | 393,0 | 395,7 | 27,4 |
| мин | 265,5 | 382,8 | 5,7 | 268,0 | 383,0 | 6,1 |
| макс | 589,3 | 406,0 | 61,2 | 591,4 | 405,8 | 61,2 |
| ұзындығы, мм | | | | | | |
| орташа | 33,8 | 32,7 | 18,2 | 34,1 | 33,0 | 18,4 |
| мин | 29 | 31,2 | 15,3 | 29,5 | 31,2 | 16,0 |
| макс | 37,9 | 40,5 | 21,1 | 38,2 | 40,1 | 20,6 |

Осылайша, мизидалар популяциясындағы жыныстық қатынас барлық культивирлеу кезінде тұрақты, яғни аталықтары басым болды. Мизидалар популяциясының құрылымын зерттеу нәтижелері бойынша тұрақты өсіру жағдайларына байланысты жасанды жағдайда көбею кезеңінің ұзаруы анықталды. Мизидалардың өсуі мен көбеюінің негізгі параметрлерін зерттеу олардың қарқынды көбеюі бүкіл вегетациялық кезеңде жалғасатынын көрсетеді.

3.2.2 Дафнияларды (*Daphnia*) моиналарды (*Moina*) балықтарға арналған тірі қорек ретінде культивирлеу

Дафния культураны өсіру үшін пайдаланылатын бассейндердегі артезиан ұңғымасынан алынған су көрсеткіштерінің мәндерін бақылау гидрохимиялық параметрлерге сәйкестігін көрсетті және рұқсат етілген шектерде. Алынған нәтижелер 10-кестеде келтірілген.

Кесте 10 - Бассейндерде дафнияны өсіру кезінде негізгі гидрохимиялық параметрлерді бақылау нәтижелері

| Декада | Бассейн №1 | | | Бассейн №3 | | |
|-------------------------|----------------------|------------|--------------|----------------------|------------|--------------|
| | Су температурасы, °С | pH, бірлік | Оттегі, мг/л | Су температурасы, °С | pH, бірлік | Оттегі, мг/л |
| Шілде айының 1 декадасы | 23,8 | 7,8 | 4,2 | 23,8 | 8 | 5 |
| Шілде айының 2 декадасы | 23,7 | 8 | 5,4 | 23,7 | 7,5 | 4,5 |
| Шілде айының 3 декадасы | 24,7 | 7,5 | 4,4 | 24,7 | 7,5 | 4,9 |
| Тамыз айының 1 декадасы | 23,6 | 7,5 | 5,1 | 23,6 | 7,5 | 5,1 |
| Тамыз айының 2 декадасы | 23,8 | 7,5 | 5,8 | 23,8 | 7,5 | 5 |
| Тамыз айының 3 декадасы | 23,9 | 8 | 6,5 | 23,9 | 8 | 5,6 |

Алынған мәліметтерден көріп отырғанымыздай, дафниялар культивирленген бассейндердегі судың температурасы 24,7°С-тан 23,6°С-қа дейінгі аралықта, pH деңгейі 7,5-8,0 бірлік аралығында, суда еріген оттегінің мөлшері 4,2-6,5 мг/л аралығында болды.

Дафнияны культивирлеу кезеңінде бассейндерде биогендік элементтердің (NH₄, NO₂, NO₃, PO₄) деңгейіне мониторинг жүргізілді. Алынған барлық көрсеткіштердің деңгейі нормативтік шектерде сақталды, бірақ дафнияны культивирлеудің соңында NO₂ көрсеткіштері жоғарғы нормативтік сатыда болды, алайда, бұл культураның жағдайына ешқандай әсер етпеді [47]. Дафнияларды бассейндерде культивирлеу кезінде биогендер деңгейін бақылау нәтижелері 11-кестеде келтірілген.

Кесте 11 - Дафнияларды бассейндерде культивирлеу кезінде биогендер деңгейін бақылау нәтижелері

| Декада | № 1 бассейн | | | | № 3 бассейн | | | |
|-------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| | NH ₄ | NO ₂ | NO ₃ | PO ₄ | NH ₄ | NO ₂ | NO ₃ | PO ₄ |
| Шілде айының 1 декадасы | 0,3 | 0,08 | 20 | 1 | 0,1 | 0,08 | 35 | 2 |
| Шілде айының 2 декадасы | 0,5 | 0,1 | 45 | 2 | 0,2 | 0,09 | 40 | 5 |
| Шілде айының 3 декадасы | 0,3 | 0,3 | 35 | 2 | 0,5 | 0,09 | 55 | 5 |
| Тамыз айының 1 декадасы | 0,1 | 0,08 | 25 | 5 | 0,4 | 0,1 | 25 | 2 |
| Тамыз айының 2 декадасы | 0,5 | 0,09 | 35 | 2 | 0,4 | 0,1 | 20 | 2 |
| Тамыз айының 3 декадасы | 0,3 | 0,05 | 15 | 2 | 0,3 | 0,06 | 25 | 2 |

Дафния культураның қарқынды дамуы аналық культураны енгізгеннен кейін 12-ші күні байқалды. Дафнияның жалпы орташа өнімі олардың даму кезеңінде №1 бассейнде 29,5 г/м² және №3 бассейнде 27,9 г/м² құрады. Дафнияның тәуліктік өнімі 28,3 г/м² құрады.

Бассейндердегі дафния культураның қарқынды дамуы аналық культураны енгізгеннен кейін 12-ші күні байқалды. Өсіру кезеңінде дафния өнімдері 1,84 г/м²-ден 110,3 г/м²-ге дейін өсті. Өнімнің төменгі мөлшері дамудың басында және соңында культураның әлсіреуінде байқалды.

Бассейндерде дафнияны өсіру бойынша алынған мәліметтер 12-кестеде келтірілген.

Кесте 12 – Бассейнде дафнияны өсіру нәтижелері

| Көрсеткіштер | Дафния |
|--|--------|
| Өсіру ұзақтығы, тәулік | 60 |
| Қарқынды даму, тәулік | 12 |
| Культураның әлсіреуі, тәулік | 60 |
| Өнімнің тәуліктік алынуы, г/м ² | |
| Орташа | 28,3 |
| Төменгі | 1,84 |
| Жоғарғы | 110,3 |

Моиналарды бассейнде культивирлеу

Моиналарды культивирлеу үшін қолданылған бассейндегі артезиан суының көрсеткіштерін бақылауы гидрохимиялық параметрлерге сәйкестігін көрсетті. Алынғын нәтижелер 13-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 13 – Моиналарды бассейндерде культивирлеу кезінде бақыланған негізгі гидрохимиялық көрсеткіштердің нәтижелері

| Декада | Бассейн №3 | | | Бассейн № 4 | | |
|-------------------------|----------------------|------------|--------------|----------------------|------------|--------------|
| | Су температурасы, °С | рН, бірлік | Оттегі, мг/л | Су температурасы, °С | рН, бірлік | Оттегі, мг/л |
| Шілде айының 1 декадасы | 23,8 | 7,5 | 5,1 | 23,8 | 7,5 | 4,3 |
| Шілде айының 2 декадасы | 23,4 | 7,5 | 5,1 | 23,3 | 8 | 4,8 |
| Шілде айының 3 декадасы | 24 | 7,5 | 4,8 | 24 | 7,5 | 4,7 |
| Тамыз айының 1 декадасы | 23,8 | 7,5 | 3,9 | 23,3 | 8 | 3,9 |
| Тамыз айының 2 декадасы | 23,5 | 8 | 5,1 | 23,1 | 7,5 | 5 |
| Тамыз айының 3 декадасы | 23 | 8 | 4,9 | 22,7 | 7,5 | 5,1 |

Моиналар культивирленген бассейндегі судың температурасы 24,7°С пен 23,6°С аралығында, рН деңгейі 7,5-8 аралығында, ертілген оттегінің мөлшері 4,2-6,5 мг/л аралығында өзгерді. Барлық көрсеткіштер ұсынылған нормалардан аспады.

Моинаны культивирлеу кезіндегі су құрамындағы биогендердің деңгейін бақылау нәтижелері 14 кестеде көрсетілген.

Кесте 14 - Моинаны культивирлеу кезіндегі биогендердің деңгейін бақылау нәтижелері

| Декада | Бассейн № 2 | | | | Бассейн № 4 | | | |
|-------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| | NH ₄ | NO ₂ | NO ₃ | PO ₄ | NH ₄ | NO ₂ | NO ₃ | PO ₄ |
| Шілде айының 1 декадасы | 0,3 | 0,1 | 20 | 1 | 0,1 | 0,09 | 20 | 2 |
| Шілде айының 2 декадасы | 0,4 | 0,1 | 35 | 5 | 0,3 | 0,09 | 35 | 2 |
| Шілде айының 3 декадасы | 0,1 | 0,09 | 45 | 2 | 0,5 | 0,09 | 40 | 5 |
| Тамыз айының 1 декадасы | 0,4 | 0,08 | 15 | 5 | 0,1 | 0,09 | 15 | 5 |
| Тамыз айының 2 декадасы | 0,2 | 0,06 | 15 | 2 | 0,1 | 0,09 | 35 | 2 |
| Тамыз айының 3 декадасы | 0,1 | 0,05 | 20 | 0 | 0,09 | 0,08 | 20 | 0 |

Су құрамындағы биогендердің деңгейі нормативтік шектерде сақталды.

Нәтижесінде, культураны таңдалған қорекпен қарқынды қоректендіру кезінде негізгі биогендердің деңгейі тұрақты болып қалды және нормативтік мәндерден аспады.

Моиналарды культивирлеу кезіндегі орташа тәуліктік өнімділігі 30,7 г/м² жоғарғы өнімділігі 125,7 г/м² құрады.

Бассейндерде моиналарды культивирлеу бойынша алынған мәліметтер 15 кестеде келтірілген.

Кесте 15 - Бассейндерде моиналарды культивирлеу нәтижелері

| Көрсеткіштер | Моина |
|--|-------|
| Өсіру ұзақтығы, тәулік | 60 |
| Қарқынды дамуы, тәулік | 10 |
| Культураның әлсіреуі, тәулік | 60 |
| Өнімнің тәуліктік алынуы, г/м ² | |
| Орташа | 30,7 |
| Төменгі | 2,88 |
| Жоғарғы | 125,7 |

Табиғи ортада жиі кездесетін тірі қоректер

Каспий теңізін есепке алмағанда Қазақстан Республикасының су айдындарының жалпы ауданы 5 млн гектарды құрайды. 2021 – 2030 жылдарға арналған балық шаруашылығының даму бағдарламасына сәйкес, Атырау облысында 15 000 тонна, Маңғыстау облысында 100 000 мың тонна балық өсіру жоспарлануда. Бұл жалпы 2030 жылға дейін өсіру жоспарланған балық санының 42,5 %. Сол себептен, біз Каспий теңізінде кездесетін балықтарды өсіруде тірі қорек ретінде пайдалануға болатын планктонды омыртқасыздарды зерттедік.

Каспий теңізінде кездескен планктонды омыртқасыздардың ең көп саны мен биомассасы 2020 жылдың мамыр айында байқалды (кесте 16).

Кесте 16 - Орта Каспий зоопланктон қауымдастықтарының сандық айнымалылары, мамыр 2020, 2021

| Жыл | 2020 | | 2021 | |
|-----------------------------------|---|----------------------|------------------|------------------|
| | Дарақтардың сандық көрсеткіші /м ³ (x±m) | | | |
| Топ | Төменгі қабат | Жоғарғы қабат | Төменгі қабат | Жоғарғы қабат |
| Коловраткалар (Rotifera) | 0 | 0 | 5.50±5.36 | 0,13±0,13 |
| Кладоцералар (Cladocera) | 813.75±281.26 | 2092.11± 443.88 | 736.37 ± 166.97 | 948.50 ±190.93 |
| Копеподалар (Copepoda) | 1021.88 ± 348.56 | 4071.51 ± 1032.34 | 679.13 ± 106.10 | 2816.50 ± 438.64 |
| Басқалар | 156.38 ± 49.87 | 589.19 ± 111.29 | 726.25 ± 174.33 | 2815.75 ± 547.72 |
| Жалпы | 1992.0 ± 574.40 | 6752.75 ± 1329.02 | 2147.25 ± 317.28 | 6580.88 ± 955.48 |
| Биомасса, мг/м ³ (x±m) | | | | |
| Коловраткалар (Rotifera) | 0 | 0 | 0.02 ± 0.02 | 0.0002±0.0002 |
| Кладоцералар (Cladocera) | 132 ± 43.40 | 310.69 ± 62.02 | 151.37 ± 37.26 | 175.56 ± 45.40 |
| Копеподалар (Copepoda) | 25.42 ± 9.31 | 95.28 ± 25.16 | 5.07 ± 1.08 | 22.20 ± 4.03 |
| Басқалар | 1.72 ± 0.81 | 6.86 ± 2.23 | 4.07 ± 0.70 | 16.56 ± 2.10 |
| Жалпы | 159.71±50.75 | 412.82±73.64 | 160.54±37.22 | 214.32 ± 49.33 |

Зоопланктонның сандық көрсеткіштерінің шамалы төмендеуі 2021 жылы болды. Зерттеудің екі жылында қауымдастықтың аз саны мен биомассасы теңіздің терең бөлігіне тән болды. Орта Каспийдің терең теңіз қабатының ұлғаюы 2021 жылы ротиферлердің дамуына байланысты болды [83].

3.2.3 Тірі қорекпен қоректендіру кезіндегі кларий жайынының (*Clarias gariepinus*) балықтық-биологиялық көрсеткіштері

Кларий жайынының шабақтары бассейндерде және суды жылытатын жүйесі бар кіші тұйық жүйелі сумен қамтамасыз етілген қондырғыларда өсірілді. Өсіру артезиан ұңғымасынан келген суда жүзеге асырылды. Бассейндер мен кіші тұйық жүйелі сумен қамтамасыз етілген қондырғыларға құйылар алдында, су арнайы үлкен, 100 литрлік, пластикалық бөшкеге келіп, онда газсыздандырылып, оттегімен қанықтандырылды.

Бассейндер мен кіші тұйық жүйелі сумен қамтамасыз етілген қондырғыларда суының температурасы мен оттегі режимдерінің динамикасы күн сайын бақыланды. Зерттеудің барысында бассейндер мен кіші тұйық жүйелі сумен қамтамасыз етілген қондырғыларда гидрохимиялық режим тұрақты болды және кларий жайынын өсіру үшін оңтайлы мәндерге сәйкес келді.

Кіші тұйық жүйелі сумен қамтамасыз етілген қондырғылардағы суда еріген оттегінің мөлшері 4,9-8,2 мг/л аралығында, рН тұрақты, орта есеппен 7,5 бірлік құрады, ал судың орташа температурасы 29,3°C. Бассейндердегі суда еріген оттегінің мөлшері 5,0-6,2 мг/л аралығында, рН тұрақты, орта есеппен 7,5 бірлік құрады, ал судың орташа температурасы 25°C. Бассейндер мен кіші тұйық жүйелі сумен қамтамасыз етілген қондырғылардағы судың гидрохимиялық көрсеткіштері 17 кестеде көрсетілген.

Кесте 17 - Бассейндер мен кіші тұйық жүйелі сумен қамтамасыз етілген қондырғылардағы судың гидрохимиялық көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | Алу орны | |
|--------------------------------------|------------|-----------|
| | Бассейндер | Кіші-ТЖСҚ |
| Тотығу қабілеті, мгО/дм ³ | 1,07 | 1,4 |
| NH ₄ ⁺ , мг/л | 0,04 | 0,03 |
| NO ₂ ⁻ , мг/л | 0,003 | 0,004 |
| NO ₃ ⁻ , мг/л | 2,6 | 0,07 |
| P, мг/л | 0,01 | 0,09 |
| Ca ²⁺ | 9,1 | 9,2 |
| Mg ²⁺ | 2,5 | 2,0 |
| Na ⁺ +K ⁺ | 90,2 | 90,5 |
| HCO ₃ ⁻ | 245,1 | 244,8 |
| Cl ⁻ | 3,4 | 3,5 |
| SO ₄ ²⁻ | 5,0 | 5,4 |
| Минералдану, мг/л | 297 | 298 |

Кларий жайынының шабақтарын дендробена және старатель жауын құрттарымен қоректендіру 40 тәулік жүргізілді. Шабақтарды өсіру үшін жылытылатын артезиан суы пайдаланылды және оның температурасы 18,3-24-8°C аралығында өзгерді. Бассейннің орташа температурасы 23°C болды. Кларий

жайынның орташа температурада қоректендірудің күнделікті рационы балық салмағының 15% құрады. Клорий жайынның шабағына күніне 8 рет қорек беріліп отырды.

Барлық көрсеткіштер бойынша ең жақсы нәтиже клорий жайынының шабағын дендробена құрттарымен қоректендіру кезінде алынды. Дендробена құрттарымен балықты қоректендірудегі абсолютті өсім жасанды құрама жеммен қоректенуге қарағанда 2,7 г көп болды. Дендробена құртымен қоректендіру кезінде клорий жайынының өміршеңдігі 97%, старатель құрттармен қоректендіру кезінде 95%, ал жасанды жеммен қоректендіргенде 93% көрсетті. Бұл дендробена құрттардың артықшылығын көрсетеді (статистикалық мәліметтер сенімді айырмашылықтарды көрсетпеді, $P \geq 0,05$). Дендробена және старатель жауын құрттарын қолданып өсірілген клорий жайыны шабағының салыстырмалы балықтық-биологиялық көрсеткіштері 18 кестеде көрсетілген.

Кесте 18 – Дендробена және старатель жауын құрттарын қолданып өсірілген клорий жайыны шабағының салыстырмалы балықтық-биологиялық көрсеткіштері, $n=25$

| Параметрлер | Бақылау (Aller Aqua) | Құрт тұқымының атауы | |
